7 АҚПАН,
2026 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№14 (23 628)

# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Заң – ереже, тәртіп – оның іске асуы

2-бет

Ұлы мұратқа ұмтылыс

3-бет

Мұзда мінез, қарда қайрат сыналып...

8-бет

# Бала қауіпсіздігінен бағалы ештеңе жоқ



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

**Баланың қауіпсіздігі мен денсаулығы – кез келген қоғам үшін ең маңызды құндылықтың бірі. Соңғы жылдары мектептер мен балабақшаларда санитариялық талаптардың сақталмауы, жазғы лагерьлердегі қауіпсіздік мәселелері жиі көтеріліп, ата-аналар арасында алаңдаушылық туғызғаны жасырын емес. Осыған байланысты балаларға арналған ұйымдарға мемлекеттік бақылаудың жаңа моделі енгізілді. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – әр бала үшін қауіпсіз әрі жайлы орта қалыптастыру.**

***Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,***
*«Ortalyq Qazaqstan»*



Жаңа бақылау жүйесінің негізгі ерекшелігі – тексерулердің қауіп деңгейіне қарай жүргізілуі. Бұған дейін көптеген ұйым бірдей тәртіппен тексеріліп келсе, енді тәуекелі жоғары мекемелерге басымдық беріледі. Жоғары қауіп деңгейіне жатқызылған мектептер, балабақшалар мен лагерьлер жылына кемінде екі рет тексерілсе, төмен қауіп деңгейіндегі нысандар бір жылдан артық емес мерзімде бір рет қана бақылаудан өтеді. Бұл тәсіл ресурстарды тиімді пайдалануға және қауіп төндіретін мәселелерге жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Маңызды жаңалықтың бірі – тексерілетін нысандар тізімінің ашық жариялануы. Енді ата-аналар мен қоғам өкілдері қай мекемелерде тексеру жүргізіліп жатқанын, бақылаудың қандай бағытта өтетінін көре алады. Бұл ашықтық ұйым басшыларының жауапкершілігін арттырып қана қоймай, қоғамдық бақылауды күшейтудің тиімді тетігіне айналмақ.

Жаңа модельдің тағы бір ерекшелігі – мониторингтің тек құжат жүзінде емес, нысандарға тікелей бару арқылы жүргізілуі. Мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы, лагерьлердің жазғы маусым алдындағы жағдайы, медициналық ұйымдардың эпидемиологиялық әзірлігі Мемлекет басшысы мен Үкіметтің, сондай-ақ Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырмалары негізінде жеке-жеке тексеріледі. Бұл, әсіресе, маусымдық тәуекелдердің алдын алуға бағытталған.

Қоғамда көп талқыланған мәселелердің бірі – алғашқы тексеру кезінде айыппұл салынбайтыны. Жаңа бақылау моделінің басты ұстанымы – жазалау емес, алдын алу. Яғни, мекемелерге анықталған заңбұзушылықтарды өздігінен түзетуге мүмкіндік беріледі. Бұл тәсіл ұйымдарды жауапкершіліктен босатпайды, керісінше олардың жұмысын жүйелеуге және кемшіліктерді уақытында жоюға ынталандырады. Десек те, талаптарды жүйелі түрде бұзатын мекемелерге қатысты қатаң шаралар сақталады.

Сонымен қатар, санитариялық дәрігерлердің өкілеттіктері кеңейтілді. Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлер жүйелі бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беріп, оларды жергілікті және мемлекеттік органдарға жолдай алады. Бұл санитариялық қызметтің рөлін күшейтіп, қауіпсіздік стандарттарын арттыруға бағытталған маңызды қадам саналады.

– Жаңа тексеру тәртібі менің күнделікті жұмысымда айтарлықтай өзгеріс енгізбейді. Керісінше, бұрынғыдан да жауапкершілікпен қарауға ынталандырады. Себебі балабақшадағы тәртіп пен талап – біздің күнделікті дағдымыз. Санитариялық талаптарды сақтау біз үшін қиын емес. Баланы әрдайым таза, ұқыпты ортада қабылдау маңызды. Ойын бөлмесі, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, төсек орындары мен қабылдау бөлмесінің тазалығы – басты назарда.

Бұрын тексерулер кезінде көбіне ұсақ кемшіліктер айтылатын. Мысалы, ыдыстардың талапқа сай орналастырылмауы немесе үстел үсті ойыншықтарының жеткіліксіздігі сияқты мәселелер кездесетін.

Айыппұл салмай, кемшіліктерді түзетуге уақыт беру – дұрыс шешім деп ойлаймын. Себебі мінсіз мекеме болмайды, ал мүмкіндік беру сапаны жақсартуға жол ашады. Балабақшадағы ең басты жауапкершілік – баланың қауіпсіздігі. Ата-аналар бізге ең қымбат дүниесін, яғни, баласын сеніп тапсырады. Сондықтан тәрбиеші ең алдымен ойыншықтардың қауіпсіздігіне, олардың бүтін әрі балаға жарамды болуына мән беруі тиіс. Сонымен қатар, балалар арасында түсініспеушілік пен дау-дамайдың алдын алу да маңызды.

Жаңа бақылау жүйесі балабақшаларды балалар үшін қауіпсіз етеді деп сенемін, – дейді тәрбиеші Айнел Алтынбек.

Аталған өзгерістердің барлығы заңнамалық негізге сүйенеді. 4 желтоқсанда Мемлекет басшысы мәдениет, білім, отбасы және мемлекеттік бақылау мәселелеріне қатысты заңға қол қойды. Құжат балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуді, санитариялық-эпидемиологиялық ахуалды жақсартуды және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардағы бақылау жүйесін жетілдіруді көздейді.

Жалпы алғанда, жаңа бақылау моделі балаларға арналған ұйымдардағы қауіпсіздікті арттыруға бағытталған маңызды қадам деуге болады. Алайда, оның нақты нәтижесі тек қағаз жүзіндегі талаптармен емес, тексерулердің әділ әрі сапалы жүргізілуімен өлшенбек. Егер жаңа жүйе формальдылықтан арылып, нақты бақылауға негізделсе, ең басты ұтымдылық – балалардың өмірі мен денсаулығы болмақ.

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• РЕСМИ

# Онлайн төлемге талап күшті

**Ұлттық банк хабарламасына сәйкес, ендігіде төлем қызметтері мен электрондық ақшаға қатысты жаңа өзгерістер енгізіледі. Ресми құжат Ашық үкімет мемлекеттік порталында жарияланды. Бұл ұсынылатын түзетулер азаматтардың күнделікті онлайн қаржылық операцияларына тікелей әсер етіп, әрі электрондық ақшаны пайдалану тәртібін өзгертуді көздейді.**

Қазіргі таңда электрондық ақша – мобильді қосымшалар мен төлем платформаларындағы әмияндар, онлайн аударым және басқа да қаржылық операциялар үшін кең қолданылады. Өткен жылдың соңында электрондық ақша ағымдағы көлемі 279,3 млрд теңгеге жуықтап, жыл сайын өсіп келеді.

Ең басты өзгерістердің бірі – электрондық ақша пайдаланушылары үшін сәйкестендіру талаптарының күшеюі. Бұрын кейбір төлем қызметтерінде жеңілдетілген сәйкестендіру қолданылса, жаңа норма бойынша барлық азаматтар толық сәйкестендіруден өтуге міндетті. Яғни, қызметті пайдалану үшін тек электронды пошта немесе телефон нөмірі жеткілікті болмайды. Ендігіде жеке тұлғаның толық анықтамасы талап етіледі.

Ұлттық банк бұл талаптың енгізілуін алаяқтық пен қаржылық қылмыстарды алдын алу, сондай-ақ, электрондық төлемдердің қауіпсіздігін арттыру мақсатында түсіндіреді.

Сонымен қатар, жаңа норма биометриялық аутентификацияны кеңінен қолдану туралы тармақтарды қамтиды. Банктер мен төлем ұйымдары клиентті тек қана телефон немесе пароль арқылы ғана емес, бет таныстыру сияқты биометриялық технологиялармен анықтау мүмкіндігіне ие болады. Бұл тәсіл қызмет көрсету кезінде алаяқтық тәуекелін төмендетуге бағытталған.

Ұсынылып отырған өзгерістер 4 ақпанда Ашық порталға жарияланып, 20 ақпанға дейін қоғамдық талқылауға қойылды. Бұл кезеңде ел азаматтары порталға кіріп, жобаға өз пікірі мен ұсыныстарын қалдыруға мүмкіндігі бар. Аталған түзетулер заң жүзінде қабылданбас бұрын осы қоғамдық талқылау кезеңінен өтуі тиіс.

**Өз тілшімізден**

# Сенімге септескен әріптестік

**Азаматтардың өтінішін сапалы әрі уақытылы қарастыру – мемлекеттік биліктің ашықтығы мен тиімділігін айқындайтын басты өлшемнің бірі. Өйткені, мемлекетке деген сенім, әділдік пен заң үстемдігіне деген көзқарас осы жауаптан басталады. Бұл тұрғыда өңірде «Таза Сенім» жобасы іске қосылды. Жоба «Құқықтық тәртіп – өзіңнен басталады» қағидаты аясында жүзеге асырылмақ. Жобаны іске асыру үшін пилоттық режимде бес мемлекеттік орган тартылған.**



Сурет ЖИ

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

«Таза Сенім» жобасының негізгі мақсаты – қызметтік көмек көрсету, мәселелерді талдау және жүйелі шешімдер мен алгоритмдер әзірлеу. Қарағанды облысы прокурорының бірінші орынбасары Ержан Бердібеков аталған жобаны өңір тұрғындарының өтінішін қарау сапасын арттыруға бағытталған игі бастаманың бірі екендігін атап өтті.

– Бүгінде «Е-Өтініш» жүйесі азаматтардың өтінішін қарастыру процесін барынша ашық әрі түсінікті етті. Өтініш берушілер өз арызының барысын нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік алады. Дегенмен, дәл осы ашықтық бірқатар жүйелік мәселелерді де айқындап берді. Мысалы, мазмұнсыз формалды жауаптар, қарастыру мерзімдерінің ұзақтығы, өтініштерді негізсіз қайта бағыттау мәселесі жиі кездескен. Ал, мұндай жағдайлар біздің беделімізге кері әсерін тигізеді. Сол себепті «Таза Сенім» жобасы дәл осы мәселені түпкілікті шешеді деп ауыз толтырып айтуға болады, – деді Ержан Сәкенұлы.

Жобаны жүзеге асыруға пилоттық режимде полиция, мемлекеттік кірістер департаменті, әділет органдары, білім және денсаулық сақтау басқармасы тартылды.

➤ 6-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: •**EUR/KZT** 583.72 •**USD/KZT** 495.1 •**RUB/KZT** 6.46 •**CNY/KZT** 71.33

Қазақстан Ұлттық Банкінің
6 ақпан, 2025 жылғы дерегі бойынша

# Талантты ұстаздар ұлықталды



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**Алматы қаласында өткен VIII халықаралық ашық шығармашылық IMPACT Olympiad байқауында өңірдің математика, физика және информатика пәндерінің бес ұстазы жүлделі орындарға ие болып, аймақ мерейін асқақтатты. Жеңімпаздарды облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей арнайы қабылдап, құрмет көрсетті. Әкімнің орынбасары бұл жеңістің өңір мұғалімдерінің кәсіби деңгейі мен білім беру саласының әлеуетін көрсететін маңызды нәтиже екенін ерекше атап өтті.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



– Аманжол Жекебай ауыл мектебінің мұғалімдері де халықаралық деңгейде үлкен жетістікке жете алатынын көрсетті. Ал, Гүлзира Әділхан мен Жасұлан Азаматұлы IT бағыты бойынша авторлық бағдарламаларын ұсынып, болашақ инженерлерді даярлауға тың серпін берді. Алексей Прутько мен жас маман Вадим Мелешко физика мен математиканы тиімді оқыту әдістерін көрсетіп, пәндерді меңгерудің жаңа жолдарын ұсынды, – деді Әлібек Үсенұлы.

Халықаралық олимпиадада үздік шыққан педагогтердің әрқайсысы – білім беру ісіндегі жаңашыл көзқарас пен шығармашылық ізденістің үлгісі.

Ұстаздардың жобалары білім беру мазмұнын заманауи талаптарға сай бейімдеу мүмкіндігін аңғартады. Бұл бастамалар оқушылардың қызығушылығын арттыруға ықпал етпек.

Бүгінде Қарағанды облысында 404 білім беру ұйымында 200 мыңнан астам оқушы білім алады. Оларға 23 мыңнан астам педагог білім беріп келеді. Осындай үлкен педагогикалық қауымдастықтың тәжірибесі мен еңбегі өңірдің білім сапасын көтеруге негіз болып отыр.

Халықаралық олимпиададағы жеңіс жеке ұстаздардың ғана емес, бүкіл өңірдің білім беру жүйесінің жетістігі. Бұл – мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру, инновациялық әдістерді енгізу және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Ұстаз – ұлт болмысының негізін қалаушы тұлға. Шәкіртін білім мен даналыққа жетелейтін де, қоғамның интеллектуалдық дамуына жол ашатын да – мұғалім.

Қарағандылық педагогтердің халықаралық деңгейдегі бұл жеңісі білімнің құндылығы мен ұстаз еңбегінің маңызын тағы бір мәрте дәлелдеді.

IMPACT Olympiad – педагогтердің кәсіби шеберлігін, шығармашылық және әдістемелік әлеуетін бағалауға бағытталған халықаралық ашық байқау. Олимпиада математика, физика, информатика және басқа да пәндер бойынша оқытудың тиімді әдістерін көрсетуге, авторлық бағдарламаларды таныстыруға және тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Байқауға түрлі елдердің мұғалімдері қатысып, білім беру саласындағы инновациялық тәсілдер мен заманауи педагогикалық технологияларды ұсынады.

Мұндай халықаралық алаңдар ұстаздардың кәсіби дамуына серпін беріп, білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

*Сурет облыс әкімдігінің сайтынан*

# Заң – ереже, тәртіп – оның іске асуы

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

**Қарағанды облысының сот сараптамасы институты заманауи жабдықтармен қамтылған. Жаңа технологияның арқасында былтыр тоғыз жыл бұрын орын алған кісі өлтіру қылмысы ашылыпты. Сала мамандарының айтуынша, бұл тек айтулы жетістіктердің бастамасы ғана. Жүйе одан әрі дамымақ.**

**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

## Маңызы зор акция

«Заң және тәртіп» идеологемасы аясында Қарағанды облысының әділет департаментінде «Құқықтық тәртіп әліппесі» атты кезекті акция өтті. Оған облыс прокуратурасының өкілдері, мәслихат депутаттары, адвокаттар, заңгерлер мен студенттер қатысты.

Жиынның алғысөзін Қарағанды облысының әділет департаменті басшысының орынбасары Данияр Байділдин айтты. Департамент жұмысының негізгі міндеттері мен мақсатына тоқталды.



– Әділет органдарының қызметі қоғамның құқықтық өмірінің барлық салаларын қамтиды. Жекеменшік құқығын қорғаудан бастап, заң шығару сапасына бақылау жасауға дейін. Біздің ведомствоның тиімді жұмысы құқықтық мемлекеттің негізі болып табылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтер реестріне сәйкес, Қарағанды облысының әділет департаменті 10 мемлекеттік қызмет көрсетеді, – деді Данияр Байділдин.

Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есепке алу, заңгерлік көмек көрсету және құқықтық насихат жүргізу, интеллектуалды меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласында мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ, орындаушы құжаттар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және мемлекеттік реттеу – департаменттің негізгі бағыттары мен міндеттері. Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істерді жүргізу, мемлекеттік құпияларды қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстары да қамтылады.

– Бүгін сіздер мемлекеттік органдар жүйесіндегі маңызды саланың жұмысымен танысасыздар. Әділет департаменті, оның қызметі мемлекеттің құқықтық тұрғыда жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Азаматтардың құқықтарын қорғайды, заңды тұлғалар мен жылжымайтын мүлікті тіркейді, сот актілерін орындауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ, нотариус, адвокат және сот сарапшыларының қызметін бақылап отырады. Департамент басшылығы сіздер үшін ақпараттық және мазмұнды бағдарлама әзірлеуге барынша күш салды, – деді Қарағанды облысы прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов.

Акция бағдарламасы төрт блоктан тұрды. Бірінші блок – Қарағанды облысы сот сараптамасы институтының қызметімен танысу. Екінші блок – орындаушылық өндіріс туралы ақпарат беру. Мұнда «АИС ОИП» ақпараттық жүйесінің жұмысын көрсету және алимент бойынша қарыздар туралы мәліметтерді анықтап, полиция қызметкерлерімен бірлесіп, борышкерлердің мекенжайларына барып, іздеуде жүрген көлік құралдарын ұстау іс-шаралары жүргізіледі. Үшінші блок – әділет органдарының қызметі. Мұнда «У-Заң-көмегі», «Тараптар кабинеті», «АИС ОИП», «Е-Апостиль» ақпараттық жүйелерімен жұмыс жасап, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышының жұмысы көрсетілді. Төртінші блокта электронды нотариат пен Enis.kz ақпараттық бағдарламасы таныстырылды.

– «Құқықтық тәртіп әліппесі» акциясы «Заң және тәртіп» идеологемасы аясында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында Қарағанды облысы прокурорының Құқықтық жобалар кеңсесінің жүйелі жұмысының нәтижесінде ұйымдастырылуда. Әр апта сайын мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметімен таныстырып отырамыз. Біздің міндетіміз – БАҚ өкілдері, депутаттар, қоғам қайраткерлері арқылы бұл ақпаратты халыққа жеткізу, – деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

Өткен жылы департамент 130 адвокатпен кепілдендірілген заң көмегін көрсету туралы келісімдер жасасты. «055 Адвокаттар арқылы заң көмек көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 58 млн теңге бөлініп, игерілді.

«005» бюджеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында соттар, тергеу және анықтау органдары 12 084 қаулы шығарды, яғни, заңмен қарастырылған жағдайларда тегін заң көмегі көрсетілген азаматтардың саны осыған тең. Өңірдегі жалпы адвокаттар саны – 569.

«Реинжиниринг аттестациясы» пилоттық жобасы аясында нотариус болуға үміткерлердің 66-сы, адвокат болуға үміткерлердің 136-сы аттестациядан өтті.

Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында бір жыл ішінде 1 682 құқықтық түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылды. Соның ішінде шалғай ауылдарда өткен іс-шаралардың көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай артты.

Құқықтық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Құқық кабинеті» жобасы жүзеге асырылып, облысымыздың 166 ауылдық елдімекенін қамтыды. Азаматтарға электронды мемлекеттік қызметтер мен «Заң» ақпараттық базасына қолжетімділік қамтамасыз етілді.



2025 жылы 68 әлеуметтік-құқықтық акция ұйымдастырылды. Оған алты мыңнан астам адам қатысты. Соның ішінде «Ашық есік күндері» мен мемлекеттік және әлеуметтік маңызы бар мерекелерге орай ұйымдастырылған тақырыптық акциялар болды.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Сондай-ақ, балалардың құқықтарын қорғау және отбасы институтын қолдау бағытында іс-шаралар жүзеге асырылды.

## Өз ісінің білгірлері

Қарағанды облысының сот сараптамасы институтында қонақтарды зертханамен таныстырды. Онда ең заманауи жабдықтар арқылы есірткі заттарын анықтау зерттеулері жүргізіледі.

– Біз құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тәркіленген заттардың зерттеу нәтижелерімен қамтамасыз етеміз. Соның ішінде, аса ірі мөлшерде тәркіленген заттар да бар. Бұл процесс бірден отыз күнге дейін созылады. Заттың түрін біздің базамыздағы деректер бойынша анықтаймыз. Бүгінде синтетикалық есірткілер, мысалы, мефедрон сияқты заттар көбейіп жатыр, ал, 90-шы жылдары табиғи есірткілер, марихуана, гашиш көп болған. Қазір зерттеулер саны азайғанымен, олар әлдеқайда күрделі, – деді Қарағанды облысының бас сарапшысы, отыз жылдық тәжірибесі бар Ирина Сухачева.

Сонымен қатар, есірткі заттарының негізі өте улы болғандықтан, экскурсияға қатысушылардың барлығы қорғаушы халаттар мен бахилалармен жабдықталды. Қауіпсіздік шаралары қатаң сақталды. Ең алдымен, ешнәрсеге қол тигізбеу керек.

Акция қатысушылары молекулалық-генетикалық зертхана жұмысымен танысты. Онда Қарағанды және Ұлытау облыстарының барлық қылмыстық істері бойынша заттай дәлелдемелер зерттеледі. Сарапшылардың айтуынша, Қазақстандағы барлық сот сараптамасы институттарының зертханаларының жабдықтары уақыт өте, дамып келеді.

– Мұнда біз адам мәйітінің қалдықтарынан жеке тұлға туралы ақпараттарды анықтаймыз. Қылмысқа қатыстылығын да анықтаймыз. Дене сұйықтықтары, қан, сілекей, тер және т.б бөліктері зерттеледі, – деді сот сарапшысы-генетик Айгүл Сейсенова.

Молекулалық-генетикалық зертхана жұмысына сала министрлігі ерекше назар аударады. Бұл зертхана ДНК сараптамасымен айналысып, сәйкесінше есептік базаларды жүргізеді. Осы база арқылы тоғыз жыл бұрын жасалған ауыр қылмыс ашылды.

– 2016 жылы Қарағанды облысында қарт әйелді өлтіріп, зорлаған. Қылмыс орнында биологиялық іздер қалды. Биологиялық іздерді сол уақытта сәйкестендіру мүмкін болмады. Сол кезде 300-450 қан үлгісі өңделді. 160 генетикалық үлгі болды. Екі зертханада да ешбірі сәйкес келмеді. Ал, өткен жылы қылмыскер анықталды. Ол түрмеге қамалған екен. Криминалистер оның эпителийін алды. Оның нәтижелері базаға енгізілді және олар тоғыз жыл бұрынғы қылмыс деректерімен сәйкес келді. Дәлелдеме үшін екі қорытынды жасалды. Дәлелдеменің негізі 2016 жылы тексерілген молекулалық-генетикалық сараптамаларға негізделген. Ал, мен қан үлгісін зерттеп, генетикалық профильді анықтадым. Ол қылмысқа қатысы бар ер адамның бұрынғы профилімен сәйкес келді, – деді зерттеу процесін жүргізген Айгүл Темірбулатовна.



Криминалистер тәркіленген материалдарды ондаған жылдар бойы зерттеулерге пайдалануға жарамды етіп сақтай алады. 99,9% жағдайда сарапшылар биологиялық іздің нақты қай адамға тиесілі екенін анықтайды.

– Сот сараптамасы құқықтық тәртіп жүйесінде ерекше орын алады. Біз үкімдер шығармаймыз және айыптау, немесе, қорғаныс тарапын ұсынбаймыз. Біздің рөліміз – ғылыми, заманауи әдістерді пайдалана отырып, фактілерді объективті түрде зерттеу. Дәл осы сараптама қорытындысы көбінесе соттың заңды және әділ шешім қабылдауына мүмкіндік беретін элемент болып табылады. Заң туралы айта отырып, оның өздігінен жұмыс істемейтінін ескеру маңызды. Заң әрекет ету үшін әрбір дәлел тексеріліп, әрбір жағдай зерттеліп, әрбір қорытынды ғылыми түрде расталған деректерге негізделуі керек. Міне, осылайша сот сараптамасының заңдылықты қамтамасыз етудегі маңызы айқындалады. Заң – бұл ереже, тәртіп – оның практикалық іске асуы, ал, сот сараптамасы – бұл фактілер мен әділ шешім арасындағы көпір, – деді Қарағанды облысының сот сараптамасы институты басшысының орынбасары Лаура Жылқыбаева.

Қарағанды облысының сот сараптамасы институтында 44 сараптама түрі жүргізіледі, 83 сот сарапшысы мен сот-медициналық сарапшы жұмыс істейді.

Суреттерді түсірген
**Александр МАРЧЕНКО**

● КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

# Ұлы мұратқа ұмтылыс

**Қолданыстағы Конституция өзінің тарихи миссиясын толық атқарды. Айналасы 30 жылда 6 рет өзгертілген Ата Заңымызды түбегейлі өзгерту талабы күн тәртібіне кеше-бүгін шыға келген мәселе емес. Әрине, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі Мемлекет қалыптастырудың ауыр жүгін көтеріп, ең басты құндылығымыз Тәуелсіздігімізді нығайтуға орасан септігі тиген бас құжаттың тарихи бағасын беріп, өтпелі кезең өткелегіндегі өлшеусіз игілігін ерекше атап өтуіміз керек.**

**Уақыт жылжып, замана құбылған сайын, өз кезегін күтіп тұрған өзгерістің құлағы қылтиғалы қашан. Сонымен, ескі дәуірдің мұрасына айналып, құқықтық өкілеттілігі өркениет талаптарына жол бергелі тұрған қолданыстағы Конституциямызды тәрк етуімізге тура келді. Сөйтіп, Қазақстан мемлекеті өзінің алмағайып тағдыры мен тағылымды тарихында тағы бір елеулі реформа кезеңіне қадам басты. Түбегейлі өзгерді (84%) деуге тұрарлық жаңа нұсқа еліміздің стратегиялық даму бағдарын нақтылап, ресурстарға тәуелді экономикалық бағыттан бас тартып, ел болашағын ғылым-білім, инновация және адам капиталы арқылы тұғырландыруға бетбұрыс жасайтын болады. Жаңа редакциядағы Конституцияның маңызы да, өзегі де – осында.**

**Әңгімеміздің әлқиссасын әлем елдері Конституцияларының тарихынан өрбітсек...**



Сурет ЖИ

**Ерсін МҰСАБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

### Конституциясы жоқ елдер бар

Конституция жобасын ашық талқылау барысында эмоциямызды екшей алмай, жалаң ұран, жалған патриотизмнің жетегінде кетіп жатқанымыз жасырын емес. Ел тағдырын таразылау ісінде мұндай қателіктерге жол бермегеніміз абзал болар еді. Әрине, сөз бостандығы, ой еркіндігі – еліміздің демократиялық принциптерін қуаттай түсетін маңызды фактор. Десек те, ішкі дау, сыртқы жаудан келер қатерге қалқан болар бас құжатымыз бұлай талқыланбаса керек-ті.

Әлеуметтік желіде «Ана елдің анасын, мына елдің мынасын қайталап жатырмыз», «Конституция жобасында ұлттық сипат жоқ» деген сыни пікірлер өріп жүр. Жаңа жобада тұңғыш рет Ұлы Дала ұғымы енгізіліп, мемлекеттілігіміз бен саяси мәдениетіміздің тарихи сабақтастығын айқындап тұрғанына неге мән бермеске? Ең әуелі жаңа Ата Заң жобасының түпнұсқасы тұңғыш рет қазақ тілінде әзірленіп, орыс тіліне сонан соң аударылғанын қайда қоясыз? Еуропадан көшіріп алған ештеңеміз жоқ екен. Мысалы, Ұлыбританияның Қауымдар палатасында 650, Лордтар палатасында 800-ден астам мүше бар екен. Біздің бір палаталы болашақ Құрылтайда 145 мүше болады. Яғни, біздің таңдаған бағытымыз – мүлде басқа бағдар.

Саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басқанымызды тілге тиек еткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістанның «The News International» басылымына берген сұхбатында:

– Ел тарихында ең елеулі саяси трансформация үдерісі жүріп жатыр. Бұл өзгерістер қоғамда дамудың игілігін әділ бөлуді талап етеді. Мемлекеттің іргесін бекемдеу жолындағы барлық қам-қарекеттеріміз елімізді жаңғыртуға, шын мәнінде Әділетті Қазақстанның негізін қалауға бағытталған, – деді.

Яғни, біз ешкімге ұқсамайтын, ешкімді қайталамайтын жол таңдадық. Ең бастысы, осы реформа арқылы Қазақстан билігі басқарудың «суперпрезиденттік» моделінен бас тартып, билік пен байлықтың жалқы мүддеге шоғырлану дәуірінің аяқталғанын жариялады. Президент емеуріннен өркениет өрекпіп, жаһандану жанталаса жағамыздан алған бүгінгі дәуірдің күрделі талабын тануға болады. Жер планетасындағы жеті миллиард адамның ешқайсысын бейжай қалдырмайтын өркениет талабы сәт сайын өзгеруде. Сын-қатер еселеніп, геосаяси ахуал ұшығып тұр. Ескі көрпеңді жамылып, етекжеңіңді қымтамай жата берсең де, ешкім саған қой демейді. Бірақ, бір мәселенің басы – ашық. Жаһан жұрты жанталасып жатқанда, сен бейқамдық танытсаң – көштен қалғаның.

Өйткені, мемлекеттің қалыптасуы, тұтастығы, дамуы, жаһандық өзгерістерге бейімделуі, қорғаныс қабілеті – заңға тәуелді. Кез келген қоғамдық құбылыс пен ұлттық идея заң талаптарына негізделгенде ғана өміршең бола алады. Осы орайда Мемлекеттің негізгі заңы, Тәуелсіздіктің басты нышаны саналатын Конституцияның маңызы орасан екенін ерекше атап өтуге тиіспіз.

Солай бола тұра, әлемде Конституциясы жоқ елдер бар екенін естігенде, таң қалмасқа амалың қалмайды екен. Мәселен, әлемнің Ұлыбритания, Канада, Сауд Арабиясы, Жаңа Зеландия, Швеция, Сан-Марино, Израиль, Ливия секілді 8 елінде Конституция жоқ. Бұл дерек аталған елдер заңға мүлде бағынбайды дегенді көрсетпейді. Оларда кодификацияланбаған конституция бар. Ол дегеніміз – салалық заңдардың, нақты бір доктриналардың, құқықтық әдет-ғұрып пен сот прецеденттері нормаларының жиынтығы. Біздің қолданыстағы кодификацияланған Конституцияның жөні бөлек. Кодификацияланған Конституцияда мемлекеттік заңдардың, аумақтық (аудандық, облыстық, федерациялық, т.б) деңгейде қолданылатын заңдық нормалар мен ережелердің ортақ мүддесі жиынтық формада қолданылады. Яғни, барлық заңдардың бастауы – Конституцияда.

Мысалы, Ұлыбританияда (Англия) ежелгі заңдар, сот тәжірибесі және бірнеше конституциялық келісімдер қолданылады екен. Олардың ең көнесі рыцарьлық билік тұсында қабылданса да, әлі күнге дейін ағылшындар осы заңды құрметтейді. Бүгінгі жаһандану дәуіріне дейін Ұлыбританияның «Құқықтар туралы Билл» және IV ғасырда қабылданған «Ұлы азаттық хартиясы» атты заңдар мен ережелер жиынтығы небір мемлекеттік шешімдер қабылдауға негіз болып келеді.

Ал, Израиль неге Конституциядан бас тартты. Шындығында, бас тартқан жоқ, қабылдай алмай отыр десе де болады. Себебі не? Себебі – жалқы. Израиль мемлекетіндегі зайырлы қоғам мен діни ұстаным қабыспай тұр. Міне, осы екі бағыттың келіспеушілігі салдарынан ел Конституциясын қабылдау кейінге шегеріліп келеді. Тереңірек үңілсеңіз, біздің елде де осыдан бірер жыл бұрын орын алған осы мазмұндағы мүдде қайшылығы есіңізге түсер еді. Мектеп оқушыларының сабаққа хиджаппен келуіне тыйым салу мәселесі күрделеніп, оның әлеуметтік салдары еселеніп кете жаздаған. Жаңа Конституцияның жобасындағы 7-бап бұл мәселеге нүкте қойды. Өзін унитарлы мемлекет деп таныған Қазақстанда ешқандай діни көзқарасқа шектеу жасалмайды, алайда, діни бірлестіктердің қызметі заң шеңберінде реттеледі. Нақтырақ айтқанда, 7-баптың екінші тармағында: «Қазақстан аумағында діни ұйымдардың қызметі заңға сәйкес жүзеге асырылады және ол конституциялық құрылыс негіздерін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті, азаматтардың денсаулығын және қоғамның адамгершілік болмысын қорғау мақсатында шектелуі мүмкін», – делінген. Осы бір ғана мысалмен-ақ Конституцияның тарихи мәні мен қоғамдық маңызын тануға болар еді.

Сауд Арабиясында Конституция орнына Қасиетті Құран мен Мұхаммед пайғамбардың сүннеттері қолданылады. Яғни, шариғат шарттары мемлекет басқару мен құқықтық жүйенің негізі болып табылады. Ливия мемлекетінде де Құран кітабы – мемлекеттік саясаттың басты құжаты.

Сонымен қатар, АҚШ пен Үндістанның да Конституциялары еріксіз назар аудартады. АҚШ Конституциясы – әлемдегі ең көне (1787 жылы қабылданған) заңдар жүйесі. Қабылданғанына 239 жыл болған АҚШ Конституциясына бар болғаны 27 рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Ал, дүние жүзіндегі ең көлемді Конституция – Үндістанға тиесілі. Ол 12 бөлім, 448 бап, 103 тараудан тұрады. Сондай-ақ, әлемде ең көп өзгертілген (100-ден астам өзгеріс енгізілген) ең тұрақсыз Конституция да – осы Үндістанның бас құжаты.

Жер шарындағы ең шағын мемлекеттің бірі – Бутан корольдігі. Бар болғаны 800 мың ғана халқы бар гималайлық корольдік 2008 жылы өз Конституциясына «Жалпыұлттық бақыт» тұжырымдамасын енгізіпті. Бұл тұжырымдамада елдің дамуын тек экономикалық өсіммен ғана емес, адамдардың өмір сүру сапасымен, мәдениетті сақтаумен, қоршаған орта құндылықтарын қастерлеу талаптарымен бағамдау қажеттігі нақтыланған. Біздің жаңа Конституция өзегіндегі ұлттық сипатты мен осы Бутан корольдігінің «Жалпыұлттық бақыт» идеологиясына ұқсатуға болады.

Иә, сәт!

### Жаңа Конституция. Жаңа бағыт. Жаңа идеология

Жаңа Конституция жобасының маңыздылығы мен жаңа бағытқа икемділігі – оның өміршең сипатына анықтама боларлық деңгейде әзірленгендігінде. Ұлттық дүниетанымға етене жақын мазмұнда дайындалған жаңа жобада кешегі тарих пен бүгінгі ұлттық идеологияның сабақтастығы көшелі көрініс тапқан.

Сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің «Біз – XV ғасырда «қазақ» деген ел болып біріккенімізді Ұлытаудың көктасына қашап басқан ру таңбаларымен куәландырған ел едік. Біріргеміз, бір ел боламыз деп анттасқанымыз да сол, Конституциямыз да сол – тасқа басылған таңба», – деген сөзі бар. Яғни, біздің заңға бағынып, тәртіпті мойындап өмір сүру дәстүріміз тым әріден басталады.

Иә, қазақ халқы – заң мен тәртіпке ежелден бас иген халық. Дала демократиясының құқықтық негіздерін саналы түрде қабылдап, өзіндік өркениетін қалыптастыруға деген ұмтылысы Әз Тәукенің «Жеті жарғысы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» секілді заңдық нормалары арқылы айқындалған. Бұлардың қай-қайсысы да өз дәуірінің Ата Заңы болғаны, бүгінгі Конституцияның бастауы екені ақиқат. Тіпті, Ресей патшалығының бодаңы кезінде «ақырып теңдік сұраған» «Қарқаралы петициясы» мен Алашорданың «Қазақ елінің уставы» атты конституциялық жобасын «сауатсыз жазылған сандырақ» деп айта аламыз ба? Ол аз десеңіз, қазақтың мағынасы терең, мәні зор мақал-мәтелдері мен ел ішіндегі дау-жанжал кезіндегі қара қылды қақ жарған билердің шешімдері ресми түрде белгілі бір құқықтың нормалар жиынтығы болмағанымен, дала өркениетінің қоғамдық ережелері болғаны дәлелдеуді қажет етпейді. Мәселен, «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы», «Иілген басты қылыш кеспес», «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «Әділ туған заң жақсы», «Балам бол, басқа бол – бәріңе заң біреу-ақ» деген тәмсілдердің астарында әділдікті ту еткен асқақ рухтың үні жатқан жоқ па?!

Менің бұл пікірлерім Сақтан қалған салтымызбен, Ғұннан қалған ғұрпымызбен бүгінгі құқықтық жүйені билеп-төстейміз деген сөз емес. Жаңа дәуірдің сұранысы жауапкершілікке ғана жүгінеді. Кешегі өткенді көксеп, бүгінмен ғана өмір сүру ертеңгі атар таңның арайлы нұрын көмескілендіреді. Оның арты – дағдарыс. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, саяси дағдарыстың салдары қаржы дағдарысының салмағынан әлдеқайда ауыр.

Конституциялық реформа – уақыт мойындатқан шындық. Кедергіні айналып, дағдарысты белден басып өткеніңмен, ақиқаттан айналып өте алмайсың. Өйткені, әлем картасында ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында ғана пайда болған Қазақстан мемлекеті үшін ұлттық экономика қалыптастыру кезеңі күрделі кедергілерді еңсеру мехнатымен ерекшеленді. 1993 жылы қабылданған алғашқы Ата Заңымыз бұл қиындықтар құйынын тізгіндей алмады. Иә, ол барынша демократияшыл құжат болғанын мойындаймыз және ел тарихында да солай қалады. Дегенмен, алғашқы әрі ғұмыры тым қысқа болған Конституцияның негізгі өзегі билік тармақтарын нығайтуға бағытталып, адами факторды екінші орынға ысырып қойғандығынан ғұмырлы бола алмады десек, тарихқа қиянат жасаған болар едік. Оның басты айыбы Ата Заң жобасын сол кездегі Жоғарғы Кеңес органы әзірлегендіктен, олар өкілетті органға басымдық бермек ұстанымдары арқылы Конституцияда билік тармақтарының байқалмайтын бәсекелі бөлініске жол бергендігінде болды деп топшылаймыз. Сондай-ақ, оның тағы бір кемшілігі 1978 жылы қабылданған Қазақ КСР Конституциясының жүйесімен дайындалғанында, посткеңестік мүдделен алшақ кете алмауында болды.

1995 жылы қабылданып, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан қазіргі Ата Заңымыз да алғашқы Конституцияның кейбір қателіктерін қайталағанын айтады заңгер мамандар. Мәселен, қолданыстағы Конституция да өзінің логикасы мен рухы жағынан кеңестік жүйе идеологиясынан алшақтай алмаған. Мұнда мемлекет басты субъект ретінде танылып, адам факторы басқару нысаны ретінде ғана қарастырылады. Қабылданғаннан бері 6 өзгертілсе де, ескі-құсқы қисынның көлеңкесінен шыға алмаған Конституцияны өзгерту талабын күн тәртібіне уақыт өзі алып шықты.

Қайталап айтайын, Қазақстанда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынып, ел арасында қызу талқыланып жатқан Конституциялық реформа – уақыт талабынан туындаған ұмтылыс. Ұлы мұратқа деген ұмтылыс. Сондықтан да, халықтың талғам таразысына ұсынылып, қызу талқыланып жатқан Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа жобасында келешек үшін күмән тудыратындай көлденең ештеңенің жоқтығына назар аударуымыз керек.

Біздің бұл тұжырымымызды Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның мүшесі, «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбековтің мына пікірі қуаттай түседі:

– Ең әуелі, бұл жобаның ресми биліктің шаблондық нұсқасы негізінде емес, алты ай бойы халықтан түскен 2000-нан астам ұсыныстар есепке алына отырып, 2025 жылдың 8 қазанында құрылған Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі арнайы жұмыс тобының егжей-тегжейлі сүзгісінен өтіп барып әзірленгенін ескергеніміз жөн.

Дүйім дүние, барша адамзат қоғамы түбегейлі бетбұрыстар жасап жатқан кезеңде бізге де жаңғыру міндеттері туындады. Дана қазақта «Таң атпайын десе де, күн қоймайды» деген қанатты қағида бар. Бүгінгі Конституциялық реформа – тура осы сипаттағы ахуал негізінде қолға алынып отырған саяси құбылыс. Өзгеріске біз бармасақ, өзгеріс өзі келеді. Өйткені, тұтас әлем өзгеріп жатыр, – деген еді ол реформаны талқылауға арналған облыс активінің жиынында.

Біз қалай болғанда да, Конституцияның жаңа жобасын демократиялық жолмен қабылдағалы отырмыз. Реформа жөнінде бастама көтерілгеннен бергі алты айда халықтан 2000-нан аса ұсыныс түскен болса, жаңа жоба ашық алаң талқысына шыққалы бері 5000-ға жуық талап-тілек жолданыпты. Бұл ұсыныстардың барлығын енгізе беретін болса, бір емес, бес Конституция жазып шығуға болар еді. Бағзыдағы бабалар аманаты мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік ондай қателікті кешірмейтіні де белгілі.

Сондықтан да, реформа жөніндегі комиссияның жұмысы күрделене түсті. Талқыға ұсынылған жоба түпкі шешім емес екеніне мән бермей, «аттанға – айқай» қосып жатқанымыз да бар. Әйтсе де, әлеуметтік желіде желдей ескен пікірлердің көптігі де көңіл қуантады. Неге? Ел азаматтарының ертеңгі күнге, қазақ халқының тағдырына, мемлекеттің абыройына бейжай қарамайтындығы қазақстандық қоғамның сергектігін айшықтайды. Пікір қайшылығының болуы да – заңдылық. Іште пікір өлтірмей, қоғамдық талқылау кезінде белсенділік таныту ілгерілеуге кепіл болар іргелі мүмкіндік. Ресми биліктің де жаңа Конституция жобасын «жабық есік» жағдайында талқыламай, комиссия отырыстарын тікелей эфир арқылы ел назарына ұсынып, комиссия шешімімен бекітілген жобаны халықтың талғам таразысына ұсынуының өзінде үлкен тарихи мән жатыр. Билік пен бұқараның бір-біріне жақындай түскені, Мемлекеттің халық тағдыры үшін өзіне алған жауапкершілігі айқын аңғарылады.

### Мың мүмкіндік, бір түйткіл

Физика ғылымында «Жердің тартылыс күші» деген заң бар. Барлық денелер жерге тартылады. Яғни, жердің көзге көрінбес, қолға ұсталмас тылсым күші бар. Ол денелер өзінің қанша салмағы болса да, жердің тартылыс күші алдында дәрменсіздік танытады. Салмақсыздық – ғарышта ғана. Адамның өзі жер бетінде тартылыс заңы негізінде ғұмыр кешеді. Шыр етіп дүниеге келген сәттен қара жерге табанымен тартылған пенденің өлшеулі ғұмыры біткен соң, сол жерге жамбасы тиеді. Осы екі аралықта адам баласы бар ырзығын жерден алып, Жер-Ананың бұйыртқан несібесін теріп жейді. Біз қабылдағалы отырған жаңа Конституцияда сол жердің тартылыс күшінің қуаты бар секілді көрінеді. Бар заңдар Конституцияға тартылады. Бар құндылық Ата Заңға телінеді. Халық бар игілікті сол Конституция арқылы тұтынады.

Сондай-ақ, бұл реформаның бастауында биліктің өзіне ыңғайлы мүддесі емес, тарихи һәм табиғи себеп тұрғанын аңдау қиын емес.

Біріншіден, Конституция – Тәуелсіздіктің қалқаны. Ал, Ата Заңымыздың жаңа редакциясында «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және Егемендіктің иесі – халық» деп нақтыланған. Бұл дегеніміз – талабыңды да, талғамыңды да қанағаттандыратын таудай мүмкіндік.

Екіншіден, білім-ғылым, мәдениет пен инновация ел тарихында тұңғыш рет Конституцияның негізі идеясы ретінде енгізілді. «Өнер-білім бар жұрттардың» өрісі кең, жемісі мол екенін бүгінгі цифрлық дәуір талаптары дәлелдеп отыр. Ендеше, ел ертеңінің еңселі болмағына негіз боларлық нормалар бар.

– Конституцияның Преамбуласын талқылау кезінде ғылым мен білімді мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде айқындауға ерекше мән берілді. Бүгінгі Қазақстан – енді қалыптасу кезеңіндегі емес, даму бағытын айқындай алатын, көзқарасы орныққан мемлекет. Сондықтан, жаңа редакцияда білім, ғылым және мәдениетке берілген басымдық – уақыт талабынан туындаған заңды шешім, – деген пікірімен бөлісті академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің ректоры, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі Нұрлан Дулатбеков.

Үшіншіден, жаңа нұсқаның тағы бір маңызды тұсы – бас құжаттағы «дін – мемлекеттен бөлек» деген норманың жетілдірілуі. Бұл норма жаңа жобаның 33-бабының 5-тармағында белгіленген. Діни ағым фанаттарының тым «жасарып» кеткендігі қоғамдағы түйткілді мәселеге айналғалы қашан. Оң-солын танып, шынайы өмірге бейімделіп үлгермеген мектеп оқушылары мен студенттер жастардың жаппай дінге ден қоюы мектеп пен жоғары оқу орындарының діннен бейтарап болуына елеулі нұқсан келтіріп келгені жасырын емес еді. Бұл мәселе де Конституциялық реформа жөніндегі комиссия отырысында өткір көтеріліп, өтімді ұсыныстар айтылуда. Осындай ұтымды ұсынысын академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің ректоры, Конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі Нұрлан Дулатбеков те жеткізді комиссия отырысында.

– Университеттер мен мектептер ғылымның, білімнің және академиялық еркіндіктің кеңістігі болып қалу керек. Мұндай тәсіл студенттерді қорғайды, бейтарап білім ортасын сақтайды және идеологиялық қысымның қатерін төмендетеді, – деді Нұрлан Орынбасарұлы.

Төртіншіден, Конституцияның жаңа нұсқасында адам құқықтары лайықты дәрежеде қорғалатыны туралы заңдық норма бірнеше бағытта енгізіліп отыр. Соның бірі – адвокаттар мәртебесі туралы норма. Ата Заңымыздың жаңа нұсқасында адвокаттар мәртебесі прокурорлармен теңестірілмек. Бұл өзгеріс туралы Қарағанды облыстық адвокаттар алқасының мүшесі, жеке адвокат Алмас Айтбеков:

– Бұған дейін адвокаттар мәртебесі Конституцияда арнайы бап бойынша белгіленбегенімен, адвокаттар қызметінің шешуші рөлі бірнеше негізгі нормалар арқылы айқындалған. Мысалы, қолданыстағы Конституцияның 13-бабында әр азаматтың білікті заң көмегін алу құқығы бекітілген. Ал, жаңа норма бойынша адвокаттардың тәуелсіздігін, кәсіби кепілдіктерін күшейту құқықтық мемлекетті нығайтудың маңызды қадамы деп санаймын. Сондай-ақ, бұл норма менің әріптестерім үшін ғана емес, халық үшін де пайдасы орасан шешім болар еді, – деген пікірімен бөлісті.

Жалпы, біз мысалға алып отырған игілікті қадамдар – Ата Заңымызға енгізілетін өзгерістердің ширегіне де жетпейтін нормалар. Бірақ, барлығы да – эволюциялық жолмен табиғи әрі тарихи тұрғыда қоғамдық қажеттілікке айналған өзекті мәселелер. Сондықтан, біздің сараптама мұнымен шектелмейтінін естеріңізге саламыз.

Қоғамдық ортада ой көкпарының көк серкесіне айналған тіл, жер тағы басқа да түйткілдердің түйінін келесі сараптамаларымызда тарқататын боламыз. Қалай болғанда да, Ата Заңымыздың жаңа жобасы мыңдаған мүмкіндіктерге жол ашып, қоғамды ізгілендіруде жүздеген игілікті қадам жасаларына еш күмән жоқ.

● КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

# Адам құндылығына бағдарланған реформа

**Сәрсенбі күні, 4 ақпанда, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының Төрағасы, Конституциялық комиссияның мүшесі Сатыбалды Дәулеталиннің жетекшілігімен Қазақстанның жаңа Конституциясы жобасын талқылау бойынша кездесу өтті. Іс-шараға ҚРКФ қызметкерлері мен Қазақстанның барлық өңірлеріндегі Аумақтық кәсіподақтар бірлестіктерінің басшылары мен өкілдері қатысты.**



Іс-шараны аша отырып, ҚРКФ Төрағасы елде жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның тарихи маңыздылығын атап өтті.

«Біздің елімізде ауқымды қоғамдық-саяси өзгерістер жүріп жатыр, олардың бастауы Мемлекет басшысының өткен жылғы Қазақстан халқына Жолдауында қаланды. 2025 жылдың қазан айынан бастап арнайы комиссия парламенттік реформа бойынша жұмыс істеді, қазір бұл жұмыс конституциялық комиссия шеңберінде жалғасуда. Осы кезең ішінде конституциялық реформа бойынша саяси партиялардан, қоғамдық бірлестіктерден және ел азаматтарынан 2000-ға жуық ұсыныс түсті. Қарау ашық форматта өтуде. 30 қаңтарда Конституция жобасы жарияланып, қоғамда кеңінен талқыланды. Біздің бүгінгі талқылауымыз – бұл революция да, кенеттен жасалған демократиялық секіріс те емес. Бұл – көптеген мәселелердің тек бір ғана шешім қабылдау орталығына тәуелді болуынан құтылу әрекеті. Бұл жұмысшы, мұғалім, дәрігер мен кенші үшін неліктен маңызды? Себебі, билік тек бір адамға ғана бағынуды қойған жерде ортақ ережелер орнайды. Ал ережелер бар жерде еңбек адамының өз дауысын естіртуге заңды құқығы пайда болады», – деді Сатыбалды Дәулеталин.

Конституция жобасының негізгі ережелерін ҚРКФ Төрағасының орынбасары Нұрлан Өтешев таныстырды. Ол жобада көрініс тапқан биліктің саяси, халықаралық құқықтағы, цифрлық дәуірдегі құқықтар мен отбасылық құндылықтардағы өзгерістерге, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде еңбек ету құқығы мәселелеріне егжей-тегжейлі тоқталып өтті.

«Қолданыстағы Конституцияда «еңбек ету бостандығы» бекітілген, ал жаңа жобада – «еңбек ету құқығы» деп көрсетілген. Бұл екеуінің айырмашылығы үлкен. Еңбек ету бостандығы дегеніміз – ешкім жауапкершілік алмайтын жай ғана мүмкіндік екенін түсінуіміз керек. Ал, Конституциядағы еңбек ету құқығы – мемлекеттің халықты жұмыспен қамтамасыз етуге тікелей жауапты болатынын білдіреді», – деп түсіндірді Нұрлан Өтешев.

Талқылау кезінде өңірлердегі әріптестер Негізгі заңның ұсынылған баптары туралы ойларын айтып, сұрақтарын қойды.

Астана қаласы Кәсіподақ орталығының төрағасы Төлеген Күнәділов Конституция жобасын талқылаудың ашық жүріп жатқанына тоқталды.

«Қазақстан тарихында тұңғыш рет Негізгі заңның жобасы ашық талқыланып жатыр. Әрбір азаматтың Конституцияға өз ұсынысын қосуға мүмкіндігі бар. Бұл халық пікірінің қазір өте маңызды екенін көрсетеді», – деді Төлеген Күнәділов.

Алматы қаласы Кәсіподақ орталығының төрағасы Зәуреш Өмірбаева, Шымкент қаласы Кәсіподақ орталығының төрағасы Бауыржан Әлтеев және Қызылорда облысы Кәсіподақ орталығының төрағасы Мақсұт Нәлібаев бұл реформалардың ел болашағы үшін маңызы зор екенін айтты.

«Кәсіподақтар федерациясының конституциялық комиссия жұмысына қатысуы – еңбекшілердің мүддесін қорғайтын мықты, құқықтық мемлекет құруға қосылған үлес», – деді Зәуреш Өмірбаева.

«Конституция жобасы қарапайым адамның мүддесіне арналған. Онда адамның қадір-қасиетін қорғауға кепілдік беретін негізгі құқықтар жазылған», – деп ой бөлісті Бауыржан Әлтеев.

«Жобада алғаш рет мемлекеттің жұмысшы алдындағы міндеттері нақтыланған: қауіпсіз әрі таза еңбек жағдайы, ешқандай кемсітусіз лайықты жалақы алу және заңды әлеуметтік көмек алу құқығы бекітілген. Бұл – жобаның басты артықшылығы», – деді ҚРКФ бас техникалық инспекторы Марат Имаш.

Қостанай облысы Кәсіподақ орталығының төрағасы Ирина Аронова заң шығару бастамасына кімдер ие болатынын сұрады. Солтүстік Қазақстан облысы Кәсіподақ орталығының төрағасы Ерік Нұрақаев әлеуметтік серіктестердің бірлесіп жұмыс істеу мәселесін көтерді.

Сұрақтарға жауап бере отырып, ҚР Кәсіподақтар федерациясының Төрағасы Сатыбалды Дәулеталин жобаның ең маңызды тұстарын атап өтті.

«Жаңа Конституция – бұл мемлекетті басқарудың жаңа жүйесін құратын және қарапайым азаматты қорғауға бағытталған жаңа қоғамдық келісім. Бұл жобаның негізі – адам. Онда өмір сүру, еңбек ету құқығы мен адам бостандығы нақты жазылған. Ережелер анық болса, еңбек адамының дауысы естіледі және ол әділдікке қол жеткізе алады. Жаңа Конституция – адам құндылығы жүйеден жоғары тұратын заң», – деді ҚРКФ Төрағасы.

Заң шығару бастамасына тоқталған Сатыбалды Дәулеталин, енді бұл құқыққа Президент, Үкімет және Парламенттен бөлек, төртінші субъект – Халық кеңесі ие болатынын айтты.

«Халық кеңесі арқылы кәсіподақтар заңдарды әзірлеуге және маңызды шешімдерге тікелей әсер ете алады. Бұл – біз пайдалануымыз керек үлкен мүмкіндік», – деді ол және Ұлттық Құрылтай арқылы шешілген мәселелерді мысалға келтірді.

«Көп жылдар бойы Үкіметпен келісе алмаған «Лайықты еңбек бағдарламасы» тек Құрылтайда айтылғаннан кейін ғана алға жылжыды. Президенттің тапсырмасымен біз арнайы Жол картасын бекіттік. Енді Лайықты еңбек ұлттық бағдарламасын қабылдауға жақынбыз. Тағы бір маңызды іс – 131-ші Конвенцияны (ең төменгі жалақы туралы) ратификациялау. Бұл мәселені тәуелсіздік алғалы бері көтеріп келеміз, тек Құрылтайдан кейін ғана Президент тиісті Жарлыққа қол қойды. Бұл жұмысшылардың жағдайын жақсартуға жасалған үлкен қадам. Сондықтан, Халық кеңесі сияқты органдардың Конституцияда болуы өте маңызды. Бұл кәсіподақтардың рөлін күшейтіп, қоғамдық бақылауды жаңа деңгейге көтереді», – деді ҚРКФ Төрағасы.

Жалпы, Сатыбалды Дәулеталин Негізгі заңның кез келген мемлекет үшін қасиетті «Тәуелсіздік» пен «Егемендік» ұғымдарын нығайтатынын айтты. Конституцияның Кіріспесінде алғаш рет Қазақстан халқының Ұлы Дала өркениетінің мұрагері және бес мың жылдық мемлекеттілік тарихының жалғастырушысы екені нақты жазылған.

Жиын соңында Сатыбалды Дәулеталин әр азаматты Конституция жобасымен мұқият танысуға шақырды және кәсіподақ басшыларына бұл жұмысты еңбек ұжымдарында белсенді жүргізуді тапсырды.

«Конституция қабылданған күннен емес, адамдар сол заңмен өмір сүрген күннен бастап жұмыс істейді. Бұл – ең қиын кезең. Негізгі заңның еңбек адамы үшін шынайы қорған болатыны немесе жай ғана қағаз болып қалатыны осыған байланысты. Конституция әркімге қатысты, сондықтан бейжай қалуға болмайды. Реформалар сәтті болуы үшін әрқайсымыз оның мәнін түсінуіміз керек», – деп түйіндеді ҚРКФ Төрағасы.

**ҚРКФ Кәсіподақтық коммуникация орталығы**

*Сурет ұйымдастырушылардан*

# Құқықтық сауат – қауіпсіз болашақ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

**«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында «Құқықтық тәртіп әліпбиі» жобасы бойынша жұмыс жалғасуда. Осы орайда Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде студенттермен профилактикалық кездесу өтті. Кездесуді Қарағанды облысының прокуратурасы, полиция департаменті мен облыс әкімдігінің өкілдері бірлесіп ұйымдастырды.**

*Жәлел ШАЛҚАР,*
«Ortalyq Qazaqstan»



«Құқықтық тәртіп әліпбиі» жобасының негізгі мақсаты – қоғамда нормалар мен ережелерге деген құрметті қалыптастыру, азаматтардың мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру, азаматтық белсенділікті дамыту және қоғамдық қауіпсіздікті нығайту.

Өз кезегінде де студенттермен өткен кездесуде жастар арасында қылмыстың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне назар аудару мақсатын көздеді.

Кездесуде сөйлеген сөзінде облыс прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов жастардың кей жағдайларда қылмыстық топтар тарапынан заңсыз әрекеттерге тартылатынын, бопсалау мен қорқытуға ұшырайтынын атап өтті. Осыған байланысты студенттерге мұндай қауіптердің алдын алу жолдары егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Жеке деректерді қорғау, интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде нақты ұсыныстар берілді.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры Ерқара Аймағамбетов өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидасының маңызын атап өтті.

– Бұл қағида – баршаға ортақ құндылық. Ал, әрбір азамат заң талаптарын сақтауға міндетті. Осы тұрғыда Қарағанды облысының прокуратурасымен бірлесіп өткізіліп жатқан кездесудің тәрбиелік әрі қоғамдық мәні зор. Университет қабырғасында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Біз прокуратура және полиция органдарымен бірлесіп, ғылыми-практикалық семинарлар, конференциялар, халықаралық форумдар ұйымдастырып келеміз. Маңызды жетістіктің бірі – университет базасында Қазақстандағы алғашқы антикоррупциялық коворкинг-орталықтың ашылуы. Осы жұмыстардың логикалық жалғасы ретінде «Құқықтық тәртіп әліпбиі» жобасы жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыратын тиімді тетікке айналады, – деді ол.

Әсіресе, облыстық полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер бойынша аға жедел уәкілі Дінмұхамед Ғалиұлының оқыған дәрісі студенттер үшін өте қызықты болды. Өйткені, ол интернет алаяқтық, лудомания, жеңіл әрі мол табысқа қызығып, заңсыз есірткі тасымалдау, есірткіге тәуелділік және қоғамдық орындардағы әдепсіздік сынды бүгінгі күннің өзекті мәселелеріне айрықша тоқталып, заң тұрғысынан оның қандай өкінішті жағдайларға ұрындыратынын түсіндіріп айтты.

Мәселен, онлайн алаяқтардың қоңырау шалуынан бастап, жалған құжат көрсету, өзін құқық қорқау органының өкілі етіп таныстыру, құпия код сұрау, жалған сайттарға кіруге итермелеу, сол арқылы жеке деректерге қол сұғып, тақырға қалай отырғызатынын да нақты мысалдармен жеткізді. Жастарға барынша түсініксіз фишингтік сайттарға, бейтаныс сілтемелерге өтпеуді мұқият тапсырып, құқықтық сауатты болуға, заңды сақтап, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосуға шақырды.

Кездесу аясында профилактикалық бейнежазба көрсетіліп, дәрістер мен интерактивті ойындар ұйымдастырылды. Онда есірткі тасымалдаушыларды көргенде қандай әрекет ету, жеке қауіпсіздікті сақтау сынды өмірде қажетті жағдайлар мысалдармен түсіндірілді.

Студенттер тарапынан белсенділік өте жоғары болды. Олар ойындарға қатысып, сұрақтарға жылдам жауап беріп, қырағылық танытты. Ұйымдастырушылар оларға естелік сыйлық табыстады.

– Бүгін өткен «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясындағы кездесу тың мәліметке толы болды. Қоғамдағы заң мен тәртіпке көз жеткіздік. Біздің оқу орнымызда мұндай жиындар апта сайын өтеді. Мамандар студенттерге қажетті дәріс оқып, сұрақтарына жауап берді, – дейді Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің II курс студенті Сабрина Тағыбердиева.

Іс-шара соңында университет басшылығы мен студенттер құқық қорғау органдарының өкілдеріне алғыс білдіріп, алдағы уақытта осындай кездесулерді жалғастыру жөнінде ұсыныс айтты.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

# Әр дауыс маңызды

**Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлауға толыққанды қатысуы заң жүзінде кепілдендірілгенімен, іс жүзінде қолжетімді орта мен нақты тетіктердің жетіспеуі бұл құқықтың толық жүзеге асуына кедергі келтіріп отыр. Осы өзекті мәселе Дүниежүзілік сайлау күні аясында мүгедектігі бар азаматтардың саяси өмірге қатысуын қамтамасыз ету мәселесіне арналған дөңгелек үстелде кеңінен талқыланды.**

*Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,*
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында «Инклюзивтілік – мүмкіндігі шектеулі адамдардың елдің саяси өміріне қатысуын қамтамасыз етудің қағидаты мен үдерісі» тақырыбы аясында бірқатар маңызды мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын іске асырудың нормативтік-құқықтық негіздері, сайлау учаскелерінде қолжетімді ортаны қалыптастыру тәжірибесі, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің рөлі, сондай-ақ, осы саладағы түйткілдер мен оларды шешу жолдары күн тәртібіне шығарылды.

Дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдардың саяси және қоғамдық өмірге тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ету мәселелерін жан-жақты қарастыру, тәжірибе алмасу және нақты ұсыныстар әзірлеу.

Қарағанды қаласының аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері, мүмкіндігі шектеулі жандардың сайлау құқықтары жөніндегі жұмыс тобының өкілдері, жергілікті атқарушы органдар мен депутаттық корпустың мүшелері, қалалық учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары, мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері, оңалту орталықтары мен мамандандырылған ұйымдардың өкілдері қатысты.

– Бұған дейін жастармен де кездесу өткізген болатынбыз. Негізгі мақсатымыз – азаматтардың сайлау құқықтары жөніндегі білімін арттыру, олардың сайлау үдерісіне белсенді қатысуына жағдай жасау. Бүгінгі дөңгелек үстел мүгедектігі бар азаматтарға арналды. Себебі, бұл санаттағы адамдардың сайлау құқықтарын іске асыру барысында өзекті сұрақтары мен шешімін қажет ететін мәселелері бар. Біз осы түйткілдерді талқылап, оларды шешу жолдарын қарастыруды көздеп отырмыз. Сонымен қатар, болашақ сайлаушылар – жастармен де жүйелі түрде кездесулер өткіземіз. Жалпы, әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерімен сайлау процесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу – біздің негізгі міндеттеріміздің бірі, – деді Қарағанды қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Дархан Малдыбаев.

Кездесу форматы ашық пікірталасқа негізделді. Қатысушылар өз ой-пікірлерін еркін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды. Мұндай алаңдар қоғамдағы әрбір азаматтың, соның ішінде, мүмкіндігі шектеулі жандардың да саяси үдерістерге белсенді араласуына мүмкіндік беріп, сайлау жүйесінің ашықтығы мен әділдігін арттыруға ықпал етеді.

Мұндай кездесулер нақты мәселелерді ашық талқылауға және саладағы олқылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Қатысушылар тарапынан айтылған ұсыныстар алдағы уақытта сайлау учаскелеріндегі қолжетімді ортаны жетілдіру жұмыстарына негіз болмақ. Осы арқылы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын іске асыруға бағытталған іс-шаралар жүйелі түрде жалғасады.

● КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА

# Тарих алдындағы таңдау

**Конституция – мемлекет айнасы, халықтың ар-ұяты. Бүгін Егемен Қазақстан тағдыр таразысының алдында тұр. Біз халыққа етене жақын жаңа Ата Заңды таңдай аламыз ба? Соңғы онжылдықтағы ең ауқымды саяси-құқықтық реформа – жаңа Конституция жобасын өркениетті өмірдің өз қисынымен қайта жазуға ниеттіміз. Ұлттық сананың, мемлекеттік жауапкершіліктің және азаматтық сенімнің соны өлшеміне жұмыр жүрегімізді құндақтамақпыз.**



«Біз, біртұтас Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығын сақтап, мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап, Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, табиғатты аялау қажеттігін мойындап, бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, Қазақстан Республикасының Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз», – деп жазылды Ата Заң жобасының преамбуласында.

Соңғы кезде біртұтас Қазақстан халқы, азаматтық қоғам өкілдері, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Қазақстан Республикасының жаңа Конституция жобасын қызу талқылап келеді. Салиқалы сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің пікір-пайымынша, тарихи құнды құжат – бұрнағы заңдық нормаларды жөнекей жаңартумен шектелмеген, егемен елдің құқықтық негізін жаңғыртуға арналған түбегейлі тағдыршешті қадам.

Әлбетте, Қарағанды облысы бойынша «Ауыл» партиясы филиалы саяси кеңесінің төрағасы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор әрі Қарағанды облыстық мәслихатының өнеркәсіпті, шағын және орта бизнесті, аграрлық және жер мәселелерін дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы бола тұрып, алдымен рспубликаның адал азаматы ретінде арнаулы кеңес жиынында жаңа Конституция мазмұны қазіргі уақыт талабына сайма-сай екендігін, әрі мемлекет өмірінде жүзеге асырылып жатқан негізгі реформалардың рухын айқын айшықтайтынын баса белгіледім.

Өнегелі өткенімізден сабақ ала отырып, кемел келешегімізге көңіл көзін тіктегенімізде конституциялық нормалардың эволюциясы жаңа Қазақстан үшін ауадай қажет екендігін бәріміз бек сезінеміз! Өткен ғасырда қабылданған Ата Заңымыз ел экономикасы мен саяси бағыт-бағдары терең трансформация кезеңінен өтіп жатқан ерен-ғайып тұста өте маңызды рөл атқарғандығына тарих куә. Құжат сол уақыттың сын-қатерлеріне жауап беріп, нарықтық экономикаға көшуге құқықтық негіз қалады. Алайда, дәп қазіргі даму кезеңі мүлдем жаңа бетбұрыс пен тың тәсілдерді талап етеді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» секілді әрі саяси, әрі әлеуметтік, экономикалық реформаларға қатысты бағдарлы бастамалары жаңа Конституция мәтінінде толықтай көрініс тапты.

Қайталап айтамын, бұл әсте «косметикалық» түзетулер легі емес, ауқымды жаңарту: өзекті өзгерістердің 84 пайызы, яғни, 77 бап жаңа редакцияда ұсынылды. Сөзіме сеніңіз, қымбатты оқырман. Жалпылық пен жазатайым жайттарын 41 күн бұрын сана көзіне іліктіретін жауырыншыдай толған-толысқан тәжірибеме де, қолқа жүрегімдегі дауысқа сүйенгенімде де шын мәнінде, тап XXI ғасырдың шындығына бейімделген мүлде жаңа құжат қабылданғалы тұрғанын бүкпесіз білдіремін.

Құны өтелмес құнтты құжаттың басты басымдықтарының бірі – адами капиталға ерекше мән берілуі дер едік. Конституция жобасында сапалы білім беру, ғылым және инновацияны дамыту мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағаналы бағыттары ретінде бекітілген. Жаппай цифрландыру мен жеті жаһан бәсекеге бәс тіккен даңғайыр дәуірде осындай өлшеулі пәрмен Қазақстанымыздың әлемдік қауымдастықтағы орнын нығайтуға, солайша ғалам жанарына тік қарарлық қабілет-қасиетті дарытады. Білім, ғылым мен теңдессіз технологияға салынған инвестиция екпінді экономиканың қарымын арттырып қана қоймай, әр азаматымыздың өзін-өзі жан-жақты дамытып, әлеуметтік ұтқырлықты күшейтіп, теңсіздікті мейлінше кемітуге игі ықпал етеді.

Өзін-өзі басқаруды нығайтудың аужайына назар бұрсақ, жаңа Конституцияда жергілікті мемлекеттік басқаруға арналған 9-бөлімге айрықша көңіл бөлінді. Құрылтай институтына көшумен бірге әкімшілік реформалар аясында атаулы бөлімнің көптеген нормалары қайта қарастырылып, нақтыланды. Нақтыланды да өңірлер дербестігін кешеуілдетпей аршындатып арттыруға септеседі. Ал, жергілікті қауымдастықтар өздігінен шешім қабылдау үдерісіне белсендірек қатыса алады. Мұндағы ұтыс айқын: билікті орталықсыздандыру бей-берекет бюрократияны тұсайды. Шенеуніктердің жауапкершілігін күшейтеді әрі өңірлік дамуға серпін береді. Өнеркәсіптік және аграрлық әлеуеті зор Қарағанды облысы үшін атаулы нақышты нормалар шағын бизнесті дамыту мен жер қатынастары сияқты мәнді мәселелерге бәйтеректің шорлы діңіндей дәт берері айқын.

Баршамызға белгілі, Халық Кеңесі, Құрылтай және Вице-Президент лауазымы сияқты жаңа игілікті институттар заңнамалық тұрғыда бекітіліп, нақты регламенттелген. Жаңашылдық атаулысы халық билігінің теңгерімді тетіктерін тегуірінді етіп, саяси жүйені барынша ашық етеді. Мәселен, Халық Кеңесі билік пен қым-қуыт қоғам арасындағы ашықтық алғышартын алға тартарлық диалог алаңына айналса, Құрылтай бұқара бұйымтайын елеп-ескерудің пәрменді мінбері болмақ. Вице-Президент лауазымы ресми биліктің бекемдігін белгілейді.

Саяси тұрақтылық пен әлеуметтік-экономикалық басымдық тұрғысынан байыптай отырсақ, жаңа Ата Заң климаттық өзгерістер мен технологиялық серпілістер секілді жаһандық сын-қатерлер жағдайында Тәуелсіз Қазақстанға ұлттық мүдденi сақтай отырып, икемді түрде бейімделуге бастайды. Әділетті қоғам құруға жол ашады.

Қоғамда жаңа Конституция жобасына қатысты қызу талқының көрініс беруі табалдырық тұстағы таңдаумыздың өзектілігін дәлелдесе керек. «Қазан қайнамаса, қақпақ дірілдемейді». Жоталы жоба жоғарыдан таңыла салған ретсіз реформа болмас, қазақ дейтін қаймана халықтың нақты сұранысына берілген уақытылы жауап. Жаңа Конституция – өркендеген Қазақстанның тамыр тұнығы. Құжаттың парасат деңгейінде қабылдануы дәстүр мен инновация, тұрақтылық пен даму арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, зеңгір көкжиекке жол ашады.

Ата Заң – елдің тамыр соғысы. Егер ол уақытпен үндеспесе, мемлекет те әлсірейді. Мейманасы тасыған мемлекетіміз дәл қазір тарихи өткелдің үстінде тұр. Тарих төре кейде қақпақыл сұрау тастамастан, үнсіз ғана таңдау ұсынады. Ұлы Даланың жадынан, азаттық үшін төгілген тер мен көз жасынан, бүгінгі азаматтың үлбір үмітінен туған тағдыр кітабын ашқалы тұрмыз. Әділетті Қазақстанға апарар жолдың алғашқы қадамы осы үр жаңа Ата Заңымыздан бастау алады. Уақыт бізді күтпейді. Келешек кешірімді бола бермейді. Билік өзгеруі мүмкін. Заңдар толықтырылуы кәдік. Ал, халық шынайы еркімен қабылданған Әділетті Ата Заң ғана уақыттың сынынан өтеді.

Сөз ұшар, жазу қалар! Кереқарыс маңдаймызға жазыла жатқан Аяулы Азаттағымыздың киелі кітабындай болар жаңа Ата Заңымызды ардақты, мархаббат қалпымызбен қабыл алмаққа үндеймін!

**Серғазы ӘДЕКЕНОВ,**
**химия ғылымдарының докторы, профессор,**
**ҚР ҰҒА академигі,**
**облыстық мәслихат депутаты**

*Сурет автордың жеке мұрағатынан*

# Егемендіктен құқықтық мемлекетке дейінгі эволюция

**Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолы – ең алдымен, оның конституциялық дамуының тарихы. Конституция – мемлекеттің саяси бағытымен қатар, қоғам мен билік арасындағы қатынастардың сипатын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының деңгейін айқындайтын басты құқықтық акт. Сондықтан, Қазақстан Конституциясының эволюциясын талдау – елдің мемлекеттік даму логикасын, демократиялық өзгерістерінің ішкі мазмұнын түсінудің кілті.**



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

## Егемендік пен демократиялық идеалдарды іздеу

Еліміздің конституциялық дамуы – күрделі тарихи жағдайларда, саяси трансформациялар, әлеуметтік дағдарыстар мен қоғамдық сұраныстар аясында біртіндеп қалыптасты. Осы тұрғыдан алғанда, конституционализм Қазақстанда үздіксіз ізденіс пен бейімделу процесі ретінде көрініс тапты.

Яғни, Қазақстан Республикасының Конституциялық дамуы – тәуелсіз мемлекеттіліктің қалыптасуынан бастап, құқықтық мемлекет пен демократиялық басқару қағидаттарына кезең-кезеңімен жақындаудың күрделі әрі эволюциялық процесі. Мемлекетіміздің конституционализмі бірте-бірте тарихи, саяси және әлеуметтік трансформациялармен тығыз байланыста дамыды.

Ғылыми әдебиеттерде Қазақстан Конституциясының даму жолы бірнеше кезеңге бөлініп қарастырылады. Бұл өз кезегінде мемлекеттің саяси-құқықтық бағдарын, билік жүйесінің өзгеру логикасын және қоғамның даму деңгейін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, Қазақстанның конституциялық дамуын шартты түрде 1993 жылғы Конституция, 1995 жылғы Конституция, 2022 жылғы конституциялық реформа және 2026 жылғы жаңа конституциялық модель және ондағы Преамбуланың құндылықтық маңызы деп төрт ірі кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Қазақстан үшін ең өзекті мәселе – жаңа мемлекеттің құқықтық іргетасын қалау болды. Бұл міндетті орындауда 1993 жылғы Конституция тарихи рөл атқарды.

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы – тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Негізгі заңы. Ол кеңестік құқықтық жүйеден бас тартып, ұлттық мемлекеттіліктің құқықтық негізін қалыптастыруға бағытталды. Онда демократиялық құндылықтар, адам құқықтары, халық егемендігі алғаш рет тәуелсіз мемлекет жағдайында бекітілді.

Бұл кезеңге кеңестік саяси-құқықтық инерцияның сақталуы, демократиялық институттарды құруға ұмтылыс және билік тармақтарын бөлу қағидатының декларативті түрде бекітілуі тән болды. Конституцияда халық егемендігі жарияланып, Парламенттің рөлі жоғары айқындалды. Алайда, Президент институты мен атқарушы биліктің орны әлі де нақты айқындала қоймады.

Оған сол кезеңдегі саяси ахуал, экономикалық дағдарыс және басқару тәжірибесінің жеткіліксіздігі Конституцияның тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтірді.

Ғалымдар атап өткендей, бұл Конституция саяси көзқарастар күресінің нәтижесінде қабылданып, құқықтық романтизм белгілерін көрсетті. Ол экономикалық және саяси дағдарыс жағдайында тиімді басқару моделін толық ұсына алмады. Сондықтан, 1993 жылғы Конституцияны демократиялық ниеті басым, бірақ, институционалдық тұрғыда әлсіз өтпелі модель ретінде бағалауға болады.

## Мемлекеттілікті орнықтыру кезеңі

Мемлекеттік биліктің тұрақсыздығы мен басқару жүйесіндегі қайшылықтар жаңа, тиімді Конституция қабылдауды талап етті.

1993 жылғы Конституцияның әлсіз тұстары мен билік тармақтары арасындағы қайшылықтар 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдауға алып келді. Оның басты мақсаты – мемлекетті тұрақтандыру, басқарудың тиімділігін арттыру және реформаларды жеделдету болды.

Бұл Конституция елді дағдарыстан алып шығуға бағытталған күшті Президенттік билік моделін енгізді.

Нәтижесінде, суперпрезиденттік басқару моделі бекітіліп, Президент мемлекеттің негізгі тірек институтына айналды. Атқарушы билік Президентке тікелей бағынышты болды, ал, Парламенттің саяси салмағы шектеулі сипат алды. Конституциялық бақылау Конституциялық Кеңес арқылы жүзеге асырылды.

Тарихи тұрғыдан алғанда, бұл модель мемлекет үшін тұрақтылықты қамтамасыз етті.

Бұл модель демократиялық стандарттарға толық сәйкес келмесе де, сол тарихи кезеңде мемлекетті сақтап қалу үшін объективті түрде қажет болған құқықтық шешім ретінде бағаланады.

Уақыт өте келе, орталықтандырылған басқару жүйесінің шектеулері байқала бастады. 1995 жылғы басқару моделінің ішкі шектеулері айқындала түсті. Биліктің шамадан тыс орталықтануы, Парламент пен жергілікті өзін-өзі басқарудың формалды сипаты, азаматтардың саяси белсенділігінің төмендігі қоғам мен мемлекет арасындағы сенім дағдарысын күшейтті.

Бұл жағдай қоғамдық-саяси реформаларға деген сұранысты күшейтті. Конституциялық жүйені түбегейлі қайта қарау қажеттігін алға шығарды.

## Саяси-құқықтық бетбұрыс

2022 жылғы конституциялық реформа – Қазақстан тарихындағы ең ауқымды өзгерістердің бірі. Реформаның басты ерекшелігі – оның референдум арқылы қабылдануы, яғни халықтың тікелей еркіне сүйенуі. Бұл реформа билік жүйесін институционалдандыруға бағытталды.

Президент институты трансформацияланып, партияларға мүшелікке тыйым салынды, жақын туыстарының жоғары лауазым атқаруына шектеу қойылды, бірқатар өкілеттіктері қысқартылды. Бұл персоналистік басқарудан институционалдық модельге көшуге жол ашты.

Парламенттің рөлі күшейіп, Мәжілістің Үкіметке бақылау тетіктері кеңейді, аралас сайлау жүйесі енгізілді, парламенттік оппозиция институты заңдастырылды. Құқық үстемдігін қамтамасыз етудің жаңа тетіктері пайда болды.

Сонымен қатар, Конституциялық Кеңестің орнына Конституциялық Сот құрылып, азаматтардың оған тікелей жүгіну құқығы бекітілді. Бұл құқық үстемдігін қамтамасыз етудің нақты механизміне айналды.

## Жаңа конституциялық модель және Преамбуланың маңызы

2022 жылғы реформа жаңа конституциялық модельдің негізін қалады. Бұл модель билік тармақтарының тепе-теңдігіне, азаматтардың саяси қатысуына және сот билігінің дербестігіне сүйенеді.

Осы тұрғыда Конституция Преамбуласының маңызы айрықша артты. Онда адам, оның өмірі мен қадір-қасиеті ең жоғары құндылық ретінде бекітіліп, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекеттің мәні айқындалады. Ғылыми тұрғыдан алғанда, Преамбула – Конституцияның идеялық және құндылықтық өзегі.

Конституция – тек құқықтық құжат болғанымен қатар, ол қоғамды тәрбиелеудің де маңызды құралы. Преамбула азаматтардың құқықтық санасын қалыптастырып, Конституцияға құрмет пен сенім ұялатады, конституциялық патриотизмді нығайтады.

Ол жастарға Конституцияны жай нормалар жиынтығы емес, құндылықтар жүйесі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді және азаматтық жауапкершілікті қалыптастырады.

Қорыта айтсақ, Қазақстанның конституциялық дамуы – эволюциялық әрі сабақтастыққа негізделген процесс. 1993 жылғы Конституция егемендікке ұмтылыстың көрінісі болса, 1995 жылғы Конституция мемлекетті тұрақтандыруға қызмет етті. Ал, 2022 жылғы реформа билік жүйесін қайта теңгеріп, құқықтық мемлекетке қарай жаңа сапалық кезеңді бастады.

Бүгінгі жаңа конституциялық модель Конституцияны құқықтық нормалар жиынтығы ғана емес, қоғамды біріктіретін, тәрбиелейтін және болашаққа бағдар беретін қоғамдық келісім актісіне айналдырып отыр.

**Алмаз ЖЕКСЕКИН,**
**Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, заң факультеті Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының профессор ассистенті, PhD докторы**

● ТАҒЫЛЫМ

# Қазыналы қариялар өнегесі

**ҚМДБ-ның Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы 2026 жылды отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында «Ислам және адал қоғам» жылы деп жариялаған болатын. Бүгінде осы жоба аясында зиялы қауым өкілдері облыстық «Әнет баба» мешітінде бас қосты. Әрі аталар және әжелер мектебі жиынын өткізіп, дәстүр мен отбасы құндылықтары жайында сөз қозғады. Оған дін істері басқармасының басшысы Жанболат Сектай мен ҚМДБ-ның облыс бойынша өкіл имамы Естай қажы Айтуғанұлы да қатысты.**

Кеңесте отбасындағы адалдық пен жауапкершілік, адал еңбек ету, әкенің орны, ұлт тәрбиесі, көркем мінез қағидалары, ажырасудың алдын алу мәселесі көтерілді.

– Өздеріңіз білетіндей, ҚМДБ-ның төрағасы Наурызбай қажы өзінің бағдарламалық баяндамасында әр жылды дін мен дәстүр бағытына арнап келеді. Соның ішінде, осы аталар мен әжелер мектебінің жаңғыруына, оның маңызына ерекше тоқталады. Қазіргі таңдағы қазақ қоғамына бұл құндылықтардың аса қажет екендігі сезіліп отыр. Бұл жастар тәрбиесіне, болашаққа зор пайдасы бар, өзгеріс әкелетін маңызды мектептердің бірі деп санаймыз. Осыған байланысты ҚМДБ-ның жанынан аталар мектебінен бөлек, ақсақалдар кеңесі құрылған. Соның аясында облыстық, республикалық деңгейде ауқымды іс-шаралар өткізіліп тұрады. Бүгінде «Әнет баба» мешітінде өңірдегі барлық қала, аудандардан дін мен дәстүр бөліміне жауапты мамандарды шақыртып, дәстүр, бала тәрбиесі жөнінде жиын өткіздік, – деді Естай қажы Айтуғанұлы.



Сурет ЖИ

Аталар мектебі – халқымыздың сан ғасырдан бері жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесінің алтын өзегі. Қазақ қоғамында ақсақалдар институты елдің бірлігі мен ынтымағын сақтаған рухани тірек болып, жас ұрпақты имандылыққа, адалдыққа, еңбекқорлық пен отансүйгіштікке тәрбиелеп келді.

– Аталар мектебі – ата-бабаларымыздан мирас болып қалған тағылымды тәрбие ошағы. Бұл – үлкеннің өнегесі мен өмірлік тәжірибесі жас ұрпаққа тікелей берілетін рухани алаң. Біздің мақсат – өз ісімізбен, мінез-құлқымызбен, өмірлік ұстанымымызбен жастарға үлгі болу. Ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрді, үлкенді құрметтеу мен кішіге қамқор болу сияқты асыл қасиеттерді насихаттау арқылы олардың санасына дұрыс бағыт-бағдар сіңіру. Осындай игі бастамалар арқылы тәрбиеленген жастар бұл жолды алдағы уақытта жалғастырып, ұрпақ сабақтастығын сақтайды деген сеніміміз мол, – деді аталар мектебінің мүшесі Бейсембай Ысқақов.

Әжелер мектебі – ұлт тәрбиесінің алтын бесігі, ұрпаққа мейірім мен имандылықты сіңіретін рухани мектеп. Қазақ қоғамында әже шаңырақтың берекесі ғана емес, салт-дәстүрдің сақшысы, ұрпақтың тәлімгері болған. Ислам дінінде де ананың, әйелдің мәртебесі жоғары бағаланып, ата-анаға жақсылық жасау бұйырылған. Бүгінгі жаһандану дәуірінде отбасы құндылықтарының әлсіреуі мен жастар тәрбиесіндегі олқылықтар әжелер мектебінің маңызын арттыра түсті. Осыған байланысты, әжелер мектебін жаңғырту – қоғамды ізгілендіріп, жастарды ұлттық әрі діни құндылықтарға тәрбиелеудің тиімді жолы. Сондықтан, әжелер өнегесін дәріптеу мен отбасылық тәрбиені күшейту – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Қазыналы қариялардың ақ ниеті мен өнегелі өсиеті – бізге аманат.

**Дарина САМЕН,**
**Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ**
**IV курс студенті**

● «ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

# Ашық пікір алаңы

**Бүгінде елдің күн тәртібіндегі басты тақырып – конституциялық реформа. Ел дамуының жаңа кезеңінде Конституция тек құқықтық құжат қана емес, қоғамның болашаққа деген ортақ бастамасын бедерлейтін бағдар. Бұл жаңғыру тұтас қоғамды бейжай қалдырмай, саяси партиялар мен қоғамдық кеңестердің белсенді талқылауына ұласуда. Осы орайда «Қазақстан Халық партиясының» Қарағанды облыстық филиалы жаңа Конституция жобасын талқылауға арналған «дөңгелек үстел» ұйымдастырды.**

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Дөңгелек үстелде конституциялық реформаның мәні мен мазмұны жан-жақты таразыға салынып, талқыланды. Жиынға облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес мүшелері, ардагерлер кеңесінің өкілдері мен партияның белсенділері қатысты. Қатысушылар жаңа Конституция жобасын елдің стратегиялық даму бағытын айқындайтын, саяси жүйені жаңғыртуға арналған маңызды құжат ретінде бағалады.

– Конституциялық реформа Президенттің 2025 жылғы 8 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған Жолдауында жарияланған бастамалардан бастау алды. Сол кезде саяси жүйені түбегейлі жаңғырту, билік тармақтары арасындағы теңгерімді күшейту және қоғам сұранысына сай басқару моделін қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне шықты. Ұсынылған жаңа Конституция жобасы осы мақсаттардың нақты құқықтық көрінісі, – деді «Қазақстан Халық партиясының» облыстық филиалының төрағасы Халел Мақсұтов.

Халел Мұқатайұлының айтуынша, реформаның өзегінде Парламенттік жүйені жаңарту, атап айтқанда, бір палаталы Парламентке көшу бастамасы тұр. Бұл қадам саяси шешім қабылдау үдерісін жеделдетіп қана қоймай, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

«Қазан айында парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы құрылып, ал, биыл қаңтар айында елдің барлық өңірінен, әртүрлі әлеуметтік топтардан өкілдер енген 130 адамдық Конституциялық комиссия жұмысын бастады. Комиссияның қызметі ашық өтті, қоғамдық пікір ескерілді, сарапшылар мен заңгерлер тартылды. Соның нәтижесінде Конституцияның 77 бабы қайта қаралып, жаңа редакцияның негізі қаланды», – деді филиал төрағасы.

Оның сөзінше, бүгінгі дөңгелек үстел – партия активі үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін ашық әрі шынайы пікір алмасуға мүмкіндік беретін маңызды алаң. Партия өкілдері жаңа Конституцияның әлеуметтік әділеттілікке, адамға бағдарланған мемлекет қалыптастыруға қызмет етуі тиіс екенін атап өтті.

Сонымен қатар, мәжіліс аясында партия мүшелері жаңа Конституция жобасындағы жекелеген нормаларға қатысты өз пайымдарын да ортаға салды. Атап айтқанда, заңгер Асылбек Айдарбеков құжаттың 86-бабына қатысты бірқатар маңызды ескертпелер айтты. Оның пікірінше, аталған бапта адвокаттардың мәртебесі нақты айқындалғанымен, «өзге тұлғалар» ұғымының көмескі берілуі құқықтық көмек көрсету саласында теңсіздік туындатуы мүмкін.

Жиын барысында партияның Жастар қанатының өкілдері де Конституция жобасындағы әлеуметтік-еңбек мәселелеріне ерекше назар аударды. Әсем Байтасованың айтуынша, жобаның 27-бабында «еңбек ету бостандығы» ұғымының «еңбек ету құқығына» ауыстырылуы – мемлекет жауапкершілігінің жаңа деңгейін айқындайтын түбегейлі өзгеріс.

– «Еңбек ету бостандығы» жағдайында мемлекет сырттай бақылаушы рөлінде қалып келеді. Ал «еңбек ету құқығы» деп бекітілсе, мемлекет азаматты жұмыспен қамтуға нақты жауапты болады. Білім алып шыққан жас мамандардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуына жағдай жасау, лайықты әрі қауіпсіз жұмыс орындарын құру – мемлекеттің тікелей міндеті. Бұл өзгерістер арқылы ендігіде еңбек жүйесі халықаралық еңбек стандарттарына сай келіп, әлеуметтік мемлекеттің мәнін айқындайды, – деді Әсем Амангелдіқызы.

Дөңгелек үстелді қорытындылай келе, талқылау барысында көтерілген құқықтық, әлеуметтік және еңбек қатынастарына қатысты бастамалардың барлығы да «Қазақстан Халық партиясының» алдағы ұстанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны айтылды. Жиын соңында партия өкілдері өңірде айтылған ұсыныстарды жүйелеп, ескертпелерді ескеріп, партияның Орталық кеңсесінің қарауына енгізілетінін жеткізді.

# Сенімге септескен әріптестік

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Ал, Қарағанды облысының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің департаменті жобаны үйлестіруші ретінде бекітілді. Сонымен қатар, жобаны қолдау аясында прокуратура, құқықтық статистика органдары, әкімдік, мемлекеттік қызмет, депутаттар мен Кәсіпкерлер палатасы да жұмылдырылды. Әрі жоба шеңберінде семинарлар өткізілетін болды. Оған барлық мемлекеттік органның басшылары мен қызметкерлері қатысуға міндеттелді. Егер пилоттық кезеңнің қорытындысы бойынша оң өзгерістер байқалмаса, ықпал ету шаралары қатаңдатылмақ.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті департаментінің басшысы Ақмарал Қыдырова былтыр азаматтар тарапынан келіп түскен өтініш саны 24 пайызға азайғанын атап өтті.

– Келіп түскен өтініштердің басым бөлігі жергілікті атқарушы органдарға жолданды. Олардың басым бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім беру, жер қатынастары, құрылыс, әлеуметтік қорғау және зейнетақымен қамту мәселесіне қатысты екен. Атап айтсақ, бұзушылықтардың басым бөлігі белгіленген мерзімдердің сақталмауында. Одан бөлек, құзыреттілікті дұрыс айқындамау салдарынан өтініштердің қате мекемелерге жолдануы, азаматтардың өтініштерін қарау сапасының төмендігі, деректемелердің бұрмалануы сынды кемшіліктер бар. Бұл жайттар лауазымды тұлғалар тарапынан кәсіби талаптардың тиісті деңгейде орындалмай отырғанын айғақтайды, – деді Ақмарал Бекесқызы.

Бұдан кейін азаматтардан келіп түскен өтінішпен жұмыс істеу үдерісін түсінікті, жеңіл әрі тиімді ету мақсатында көпшілік өз ойын ортаға салды. Пікір алмасты. Бұдан былай дәл осы жоба аясында кәсіпкерлерден келіп түскен өтініштерге баса назар аударылатын болды. Ал, Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасы бұл жобаны бірауыздан қолдайтындықтарын жеткізді.

– Біз бұл бастаманы толық қолдаймыз. Себебі, бизнес ұзақ бюрократиялық процедуралардан әбден шаршады. Кәсіпкерлерден түсетін өтініштер түрлі сылтаулармен қаралмай, жатып қалады. Біздің негізгі мақсатымыз – әр кәсіпкердің өтінішін жедел қабылдап, кәсіби мамандардың деңгейінде қарастырылуын қамтамасыз ету. Осы орайда, «Таза Сенім» жобасының бізге пайдасы тиер еді, – деді кәсіпкерлер палатасының директорының орынбасары Азамат Даненбаев.

● РЕСМИ

# Заңбұзушылықтарға тосқауыл қойды

**Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік сатып алулар саласына жан-жақты талдау жүргізді. Аудит жұмыстары мемлекеттік қаражаттың тиімді әрі заңды жұмсалуын қамтамасыз етуге бағытталды.**

**Аида РАХЫМҚҰЛОВА,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Талдау кезеңінде жалпы құны 668,6 млрд теңгені құрайтын 17 352 лот қаралуға жоспарланған. Оның ішінде, 647,5 млрд теңге сомасындағы 17 057 лот аудитпен қамтылды. Нәтижесінде 1 697 лот бойынша, жалпы сомасы 68,2 млрд теңгеге тең бұзушылықтар анықталды.

Анықталған кемшіліктерге байланысты 1 599 лот бойынша (57,2 млрд теңге) уәкілетті органдарға тиісті хабарламалар жолданды. Жіберілген хабарламалар негізінде бірқатар нақты шаралар қабылданды. Атап айтқанда, 163 хабарламаға сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізіліп, шарт жобалары кері қайтарылды. 292 хабарлама бойынша конкурстық немесе аукциондық құжаттамаларға түзетулер енгізілді. Ал, 1 103 жағдайда мемлекеттік сатып алу шарт жасалғанға дейін жойылды. Сонымен қатар, 41 жағдайда қорытынды хаттамалар хабарламалар талаптарына сәйкестендірілді.

Аудит қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 462-бабының 3-бөлігін бұзған лауазымды тұлғаларға қатысты 13 әкімшілік хаттама толтырылып, материалдар сотқа жолданды. Бұдан бөлек, мемлекеттік сатып алу саласындағы өзге де бұзушылықтар үшін ҚР ӘҚБтК-нің 207-бабына сәйкес 10 әкімшілік хаттама рәсімделді.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті алдағы уақытта да мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану, ашықтық пен заңдылықты қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра бермек.

● БРИФИНГ

# Есірткімен күрес толастамайды

**2023-2025 жылдарға арналған нашақорлық пен есірткі қылмысына қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарды іске асыру аясында Қарағанды қаласы полиция басқармасы есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Жалпы есептік кезеңде заңсыз айналымнан 700 килограмнан астам есірткі, есірткі айналымына қатысты құқық бұзған 70 адам ұсталды. Одан бөлек, синтетикалық есірткі сақтау және өткізу фактілері бойынша 13 «закладчик» анықталған. Бұл туралы басқарма бастығының бірінші орынбасары, полиция подполковнигі Дүйсен Асқаров пен басқарманың есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл бөлімінің бастығының орынбасары, полиция майоры Нұржан Қожанов айтып берді.**

Брифингте мамандар өңірде жергілікті атқарушы органдармен, мемлекеттік мекемелермен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлескен жұмыстар атқарылып жатқандығын баса айтты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды қаласында есірткіге байланысты 100-ден астам құқық бұзушылық анықталып, жолы кесілді. Сонымен қатар, облыс аумағында синтетикалық есірткі өндіретін бес жасырын зертхана, төрт зертхана жойылды.

Полиция подполковнигі Дүйсен Асқаров есірткі қылмысына қарсы күресте алдын алу аса маңызды екендігін баса айтты.

– Жедел-іздестіру барысында тағы бір мефедрон өндіруге маманданған жасырын есірткі зертханасы анықталып, жойылды. Тініту кезінде шамамен бір тонна химиялық прекурсор, 500 грамнан астам дайын синтетикалық есірткі тәркіленді. Ал, «Қарасора-2025» жедел-профилактикалық іс-шарасы аясында тағы бір зертхана әшкереленген. Есірткі өндіру үшін жеке тұрғын үйді пайдаланған екі тұрғын ұсталды. Сонымен қатар, құқық қорғау органдары жастарды зиянды әдеттерден қорғау бағытында түсіндіру жұмыстарын күшейттік, – деді Дүйсен Қайратұлы.



Сурет freepik.com

Былтыр есірткі қылмысының алдын алу мақсатында 500-ден астам профилактикалық іс-шара өткізілген. Сонымен қатар, бүгінде қала әкімдігі мен мәслихат қолдауымен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған жобасы іске асырылуда. Ал, жастар ресурстық орталығы «Саламатты өмір салтын таңда» жобасы шеңберінде полициямен бірлесіп, ауқымды профилактикалық акция өткізіп келеді.

– Интернет кеңістігіндегі заңсыз есірткі жарнамасына қарсы күреске ерекше назар аударылуда. «Киберқадағалау» жүйесі арқылы есірткі туралы ақпарат таратқан 250 интернет-ресурс бұғатталды. Бұл жұмыс тұрақты бақылауға алынған. Әрі алдағы уақытта жалғаса да бермек, – деді полиция майоры Нұржан Қожанов.

Нашақорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Бұл – мемлекет, қоғам, отбасы, тіпті, әр азаматтың жауапкершілігі. Осы мақсатта басқарма мамандары азаматтардың өмірін, денсаулығын сақтау мақсатында тиісті жұмыстарды жалғастыра бермек.

**Гүлім ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
**Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ**
**IV курс студенті**

# Оқушыдан басталған өзгеріс

**Осакаров ауданындағы Әлихан Бөкейхан атындағы тірек мектебінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру нақты іс-әрекет арқылы жүзеге асуда. Мұнда оқушылар қоршаған ортаны қорғауды дәріс ретінде ғана емес, күнделікті дағды ретінде меңгеріп келеді.**

**Салтанат ІЛИЯШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»


Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Білім ордасында оқушыларға арналған интерактивті эковикторина ұйымдастырылып, табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған мазмұнды дәріс өткізілді. Шара мектептегі экологиялық тәрбиенің жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізіліп келе жатқанын айқын көрсетті.

Қонақтарды мектеп парламентінің мүшелері қарсы алып, экскурсовод ретінде оқу ордасында жүзеге асырылып жатқан экологиялық бастамалар мен жобаларды таныстырды. Жас белсенділер «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасының қағидаттары мектеп қабырғасында нақты істермен бекітіліп жатқанын көрсетті.

Шара барысында туған өлкенің экологиясына арналған балалар суреттерінің көрмесі көпшіліктің назарын аударды. Оқушылар шығармашылық жұмыстары арқылы табиғатпен үйлесімді өмір сүруге деген ұмтылысты, таза әрі жасыл болашақ туралы көзқарастарын бейнелеген.

Одан бөлек, мектептің қысқы бағында директор Мара Ақмағамбетованың жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан «Қайта өңделетін шикізаттан жасалған балалар өнері» экологиялық жобасы таныстырылды. Қайта өңделетін материалдармен жұмыс арт-студияда жалғасын тауып, оқушылар пайдаланылған заттарды креативті қайта қолданудың түрлі тәсілдерін меңгеріп келеді.

Экологиялық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде оқу орнында қалдықтарды бөлек жинау жүйесі енгізілген. Мектеп аумағында пластикке, қағазға және шыныға арналған арнайы контейнерлер орнатылып, қоқысты сұрыптау оқушылардың күнделікті әдетіне айналған.

Қонақтар фаблаб-зертхананың жұмысына да ерекше қызығушылық танытты. Мұнда лазерлік жабдықтарды пайдалану арқылы дайындалған жобалар ұсынылды. Барлық жұмыстар туған өлкенің экологиясы мен өңірдің орнықты дамуына бағытталған. Жел диірмендерінің үлгілерінен бастап, болашақ ауыл шаруашылығына қатысты тұжырымдамаларға дейін қамтылған.

Іс-шара мектептің акт залында қорытындыланып, оқушылар үшін интерактивті викторинамен ұштасқан танымдық дәріс өткізілді.

– Мектебіміз экологиялық бастамаларға белсенді қатысады. Қалдықтарды қайта өңдеп, олардан түрлі бұйымдар жасаймыз. Кейін осы жұмыстардың көрмесі ұйымдастырылады. Экология тақырыбындағы сынып сағаттары мен дәрістер тұрақты түрде өтеді. Мұның бәрі оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, – дейді 10 «Б» сынып оқушысы Алуа Серікбай.

Ал, оның сыныптасы Әдемі Мұхамеджанова жүргізіліп жатқан жұмыстың практикалық маңызын атап өтті:

– Мектепте пластик, қағаз және шыныға арналған бөлек контейнерлер қойылған. Біз қалдықтарды сұрыптап, қайта өңдеуге жібереміз. Уақыт өте келе бұл қалыпты әрі пайдалы әдетке айналды, – деді ол.

● ҚЫЛМЫС

# Киберполиция алаяқты әшкереледі

**Облыста киберполиция қызметкерлерінің жедел әрекетінің арқасында ірі көлемдегі қаржы алаяқтардың қолына түспей, иесіне қайтарылды. Күрделі алаяқтық схеманың құрбаны болған кәсіпкерге 10 миллион теңгеге жуық шығын келу қаупі төнген еді. Бұл туралы Polisia.kz мәлімдеді.**

57 жастағы қала тұрғыны, жеке кәсіпкер телефон алаяқтарының қитұрқы әрекетіне тап болған. Өзін мемлекеттік орган қызметкері ретінде таныстырған белгісіз адамдар кәсіпкердің сеніміне кіріп, оның қаржысын иемденуге және атына ірі несие рәсімдеуге әрекет жасаған.

Жәбірленушінің айтуынша, алдымен оған өзін салық қызметінің инспекторы ретінде таныстырған әйел хабарласып, кәсіпкердің салық есептілігін тапсыру мерзімі өтіп кеткенін жеткізген. Мерзімді ұзарту үшін «1414» нөмірінен келген SMS-кодты айту қажеттігін түсіндірген. Еш күмәнданбаған кәсіпкер кодты айтқан. Көп ұзамай оған тағы бір адам қоңырау шалып, өзін халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері ретінде таныстырған. Ол болса, SMS-код үшінші тұлғаларға берілгенін, кәсіпкердің атына несие рәсімделіп жатқанын айтып, «заңсыз әрекеттердің алдын алу» үшін киберқауіпсіздік мамандарының нұсқауын орындауға көндірген.

Алаяқтардың айтқанын орындап, күні бойы олардың талаптарын орындаған кәсіпкердің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы есепшотынан 1 миллион 800 мың теңге аударылып кеткен. Сонымен қатар, оның жеке кәсіпкерлігіне «Bereke Bank» АҚ арқылы 9 миллион теңге көлемінде несие рәсімделген. Біраз уақыттан соң ғана ол алаяқтардың құрбаны болғанын түсінген.

Жәбірленуші полицияға жүгінген соң киберқылмысқа қарсы бөлім қызметкерлері оқиғаны «Антифрод-орталық» платформасында тіркеген. Жедел шаралардың нәтижесінде банктік есепшоттар бұғатталып, несие қаражаты сақталып қалды. Бұған қоса, алаяқтар аударып үлгерген 1 миллион 800 мың теңге кәсіпкерге толық қайтарылды.

Құқық қорғау органдары азаматтарды сақ болуға шақырады. Мемлекеттік мекемелер, банктер мен халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлері ешқашан SMS-код сұрамайды. Күмәнді қоңыраулар түскен жағдайда әңгімені бірден тоқтатып, полицияға немесе банкке жүгіну қажет.

**Өз тілшімізден**

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«АК Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы 2026 жылдың 17 наурызда сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Орта Дересін а., Орынбек Жәутіков к-сі 20 (Орта Дересін а.о. әкімдігінің конференц-залы) Долинное алаңын 2 жылға барлау жоспары бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген материалдар (жобалар: рұқсат етілген шығарындылар нормативтері, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі) бойынша ашық жиналыс түрінде, қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттамалармен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында ndbecology.gov.kz және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында, келесі сілтеме бойынша танысуға болады https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде және Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 үй, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru мекенжайы бойынша қабылданады, сондай-ақ, жобалар бойынша қосымша ақпаратты және Zoom конференцияларына қосылу сілтемесін e_mail: eciir_01@mail.ru электрондық поштасы немесе 87759701794 (Төлеубеков Б.Т.) нөмірі бойынша алуға болады. Жобаның тапсырыс берушісі: «АҚ Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы, «Алтыналмас АК» АҚ қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры – Бақтығали Абырой Аманұлы, БСН: 950640000810, e_mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Заңды мекенжайы; Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй. Жобаны әзірлеуші «Экологический центр инновации и реинжиниринга» ЖШС, Бас директор Хусайнов М.М., БСН: 130740012440, e_mail: eciir_01@mail.ru немесе тел: 87759701794. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қойгелді көшесі, №55. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Ақжайдақ ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46º83'19" С.Е. және 75º94'08" Ш.Б. Кен орны географиялық координаттары: 46º58'40,7" С.Е. және 76º15'33,7" Ш.Б. Онлайн қосылу сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=83078818710 конференция идентификаторы: 226 828 3948 кіру коды: 123456

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

Акционерное общество «АК Алтыналмас» сообщает, что 17 марта 2026 года в 15:00 часов по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Орта Дересин, ул. Орынбек Жаутиков 20 (конференц-зал акимата Орта Дересинского с.о.) будут проведены общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие (проекты: Нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды, Раздел охраны окружающей среды) для Плана разведки площади Долинное в Карагандинской области на 2 года.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz, и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационной системе ndbecology.gov.kz и/или по адресу: г.Караганда, ул. Лободы, 20, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru. А также, дополнительную информацию по проектам и ссылку на подключение к конференциям Zoom можно получить по электронной почте e_mail: eciir_01@mail.ru или по номеру 87759701794 Төлеубеков Б.Т. Заказчик проекта: Акционерное общество «АК Алтыналмас», Директор департамента Охраны окружающей среды АО «АК Алтыналмас» – Бақтығали Абырой Аманұлы, БИН: 950640000810, e_mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Адресс: г. Алматы, Медеуский район, улица Елебекова, дом 10, Тел: +7 (7273) 500-200. Разработчик проекта ТОО «Экологический центр инновации и реинжиниринга», Генеральный директор Хусайнов М.М., БИН: 130740012440, e_mail: eciir_01@mail.ru или тел: 87759701794 адрес: Жамбылская область, г.Тараз, ул. К.Койгелды, №55. Территория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Акжайдак. Географические координаты территории воздействия: 46º83'19" С.Ш. и 75º94'08" В.Д. Географические координаты месторождения: 46º58'40,7" С.Ш. и 76º15'33,7" В.Д. Ссылка на онлайн конференцию: https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=83078818710 Идентификатор конференции 226 828 3948 Код доступа: 123456

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«АК Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы 2026 жылдың 18 наурызда сағат 10:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Орта Дересін а., Орынбек Жәутіков к-сі 20 (Орта Дересін а.о. әкімдігінің конференц-залы) Ортасай алаңын 3 жылға барлау жоспары бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген материалдар (жобалар: рұқсат етілген шығарындылар нормативтері, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары) бойынша ашық жиналыс түрінде, қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттамалармен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында ndbecology.gov.kz және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында, келесі сілтеме бойынша танысуға болады https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде және Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 үй, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru мекенжайы бойынша қабылданады, сондай-ақ, жобалар бойынша қосымша ақпаратты және Zoom конференцияларына қосылу сілтемесін e_mail: eciir_01@mail.ru электрондық поштасы немесе 87759701794 (Төлеубеков Б.Т.) нөмірі бойынша алуға болады. Жобаның тапсырыс берушісі: «АҚ Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы, «Алтыналмас АК» АҚ қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры – Бақтығали Абырой Аманұлы, БСН: 950640000810, e_mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Заңды мекенжайы; Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй. Жобаны әзірлеуші «Экологический центр инновации и реинжиниринга» ЖШС, Бас директор Хусайнов М.М., БСН: 130740012440, e_mail: eciir_01@mail.ru немесе тел: 87759701794. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қойгелді көшесі, №55. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Ақжайдақ ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46º83'19" С.Е. және 75º94'08" Ш.Б. Кен орны географиялық координаттары: 46º53'52,4" С.Е. және 76º19'20,6" Ш.Б. Онлайн қосылу сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=84342890797 конференция идентификаторы: 226 828 3948 кіру коды: 123456

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

Акционерное общество «АК Алтыналмас» сообщает, что 18 марта 2026 года в 10:00 часов по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Орта Дересин, ул. Орынбек Жаутиков 20 (конференц-зал акимата Орта Дересинского с.о.) будут проведены общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие (проекты: Нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды) для Плана разведки Ортасайской площади в Карагандинской области на 3 года.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz, и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационной системе ndbecology.gov.kz и/или по адресу: г.Караганда, ул. Лободы, 20, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru. А также, дополнительную информацию по проектам и ссылку на подключение к конференциям Zoom можно получить по электронной почте e_mail: eciir_01@mail.ru или по номеру 87759701794 Төлеубеков Б.Т. Заказчик проекта: Акционерное общество «АК Алтыналмас», Директор департамента Охраны окружающей среды АО «АК Алтыналмас» – Бақтығали Абырой Аманұлы, БИН: 950640000810, e_mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Адресс: г. Алматы, Медеуский район, улица Елебекова, дом 10, Тел: +7 (7273) 500-200. Разработчик проекта ТОО «Экологический центр инновации и реинжиниринга», Генеральный директор Хусайнов М.М., БИН: 130740012440, e_mail: eciir_01@mail.ru или тел: 87759701794 адрес: Жамбылская область, г.Тараз, ул. К.Койгелды, №55. Территория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Акжайдак. Географические координаты территории воздействия: 46º83'19" С.Ш. и 75º94'08" В.Д. Географические координаты месторождения: 46°53'52,4" С.Ш. и 76º19'20,6" В.Д. Ссылка на онлайн конференцию: https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=84342890797 Идентификатор конференции 226 828 3948 Код доступа: 123456

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

«АК Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы 2026 жылдың 17 наурызда сағат 10:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Орта Дересін а., Орынбек Жәутіков к-сі 20 (Орта Дересін а.о. әкімдігінің конференц-залы) Иткудук алаңын 3 жылға барлау жоспары бойынша қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін әзірленген материалдар (жобалар: рұқсат етілген шығарындылар нормативтері, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі) бойынша ашық жиналыс түрінде, қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттамалармен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында ndbecology.gov.kz және Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында, келесі сілтеме бойынша танысуға болады https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=kk. Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде және Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20 үй, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru мекенжайы бойынша қабылданады, сондай-ақ жобалар бойынша қосымша ақпаратты және Zoom конференцияларына қосылу сілтемесін e_mail: eciir_01@mail.ru электрондық поштасы немесе 87759701794 (Төлеубеков Б.Т.) нөмірі бойынша алуға болады. Жобаның тапсырыс берушісі: «АҚ Алтыналмас» Акционерлік Қоғамы, «Алтыналмас АК» АҚ қоршаған ортаны қорғау Департаментінің директоры – Бақтығали Абырой Аманұлы, БСН: 950640000810, e_mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Заңды мекенжайы; Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Елебеков көшесі, 10 үй. Жобаны әзірлеуші «Экологический центр инновации и реинжиниринга» ЖШС, Бас директор Хусайнов М.М., БСН: 130740012440, e_mail: eciir_01@mail.ru немесе тел: 87759701794. Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Қойгелді көшесі, №55. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Ақжайдақ ауылы. Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46º83'19" С.Е. және 75º94'08" Ш.Б. Кен орны географиялық координаттары: 46º57'14" С.Е. және 76º02'27" Ш.Б. Онлайн қосылу сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=85623870779 конференция идентификаторы: 226 828 3948 кіру коды:123456

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

Акционерное общество «АК Алтыналмас» сообщает, что 17 марта 2026 года в 10:00 часов по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Орта Дересин, ул. Орынбек Жаутиков 20 (конференц-зал акимата Орта Дересинского с.о.) будут проведены общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам для получения экологического разрешения на воздействие (проекты: Нормативов допустимых выбросов, Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План мероприятий по охране окружающей среды, Раздел охраны окружающей среды) для Плана разведки Иткудукской площади в Карагандинской области на 3 года.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz, и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационной системе ndbecology.gov.kz и/или по адресу: г.Караганда, ул. Лободы, 20, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru. А также, дополнительную информацию по проектам и ссылку на подключение к конференциям Zoom можно получить по электронной почте e_mail: eciir_01@mail.ru или по номеру 87759701794 Төлеубеков Б.Т. Заказчик проекта: Акционерное общество «АК Алтыналмас», Директор департамента Охраны окружающей среды АО «АК Алтыналмас» – Бақтығали Абырой Аманұлы, БИН: 950640000810, e_mail: symbat.zhaxylykov@altynalmas.kz. Адресс: г. Алматы, Медеуский район, улица Елебекова, дом 10, Тел: +7 (7273) 500-200. Разработчик проекта ТОО «Экологический центр инновации и реинжиниринга», Генеральный директор Хусайнов М.М., БИН: 130740012440, e_mail: eciir_01@mail.ru или тел: 87759701794 адрес: Жамбылская область, г.Тараз, ул. К.Койгелды, №55. Территория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Акжайдак. Географические координаты территории воздействия: 46º83'19" С.Ш. и 75º94'08" В.Д. Географические координаты месторождения: 46º57'14" С.Ш. и 76º02'27" В.Д. Ссылка на онлайн конференцию: https://us06web.zoom.us/j/2268283948?pwd=ZDZWUEtTSGZnQkQ0bytVWTAxVzBmdz09&omn=85623870779 Идентификатор конференции 226 828 3948 Код доступа: 123456

№16

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс Кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
https://ortalyq.kz/

● СПАРТАКИАДА

# Мұзда мінез, қарда қайрат сыналып...

**Қарағанды өңірінде дәстүрге айналған, әрі қатар өткізілетін екі бірдей қысқы спорттық спартакиада бар. Олар – қалалар арасында XXVIII рет ұйымдастырылып отырған «Ақ қыс – 2026» және аудандар арасындағы XXVIII «Қарлы қыс – 2026» спартакиадасы. Осы қос жарыстың салтанатты ашылу рәсімі Қарағандыдағы «Ақжолтай» мұз сарайында өтті.**



**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы турнирге қала және ауданнан 500-ге жуық спортшы қатысты. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Берік Досымбеков спартакиадаға арнайы қатысып, қатысушыларға жылы лебізін білдірді.

Қысқы спорт мерекесіне облыстың алты қаласынан, яғни, Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Приозерск, Саран және Шахтинск қаласынан келген. Ал, аудандардан Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаров және Шеттің спортшылары бар.

Спартакиаданың негізгі мақсаты – өңір тұрғындары арасында бұқаралық спортты дамыту және насихаттау, қысқы спорт түрлері бойынша үздік спортшыларды анықтау. Әр түрлі жас санатындағы және түрлі сала өкілдері төрт спорт түрі бойынша өзара бақ сынауда. Атап айтқанда, олар президенттік көпсайыс, шаңғы жарысы, конькимен жүгіру және шайбалы хоккейден сынға түсті.

– Қалалар арасындағы «Ақ қыс – 2026» және ауылдық аудандар арасындағы «Қарлы қыс – 2026» қысқы спартакиадаларының ашылуымен барша спортшыларды шын жүректен құттықтаймын. Елімізде және өңірімізде бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Жаңа спорт нысандары бой көтеруде. Ертең Милан қаласында Қысқы Олимпиада ойындары басталады, онда 36 қазақстандық спортшы ел намысын қорғайды. Баршаңызға сәттілік, жарқын жеңістер тілеймін, – деді Берік Досымбеков.

Аталған спартакиада ойындары үш күнге созылған. Ойындар үш күн бойы облыс орталығының түрлі спорт нысандарында өтті. «Ақ қыс – 2026» қысқы спартакиадасына Шахтинск қаласынан 32 спортшы қатысыпты. Жарыс қорытындысы бойынша шахтинскілік команда конькимен жүгіруден командалық есепте және шайбалы хоккейден жүлделі III орын иеленіп, үздіктер қатарынан көрінді.

– Конькимен жүгіру сайысында қыздар – 300, ал, ұлдар – 500 метр қашықтықта бақ сынады. Жарысқа екі ұл мен екі қыздан құралған команда қатысты. Қыздар арасында сынға түскен Дари Фитько, ұлдар арасынан Давид Плотонов жекелей есепте қола жүлдеге ие болды. Осы екі медальдің нәтижесінде Шахтинск командасы конькимен жүгіруден командалық есепте де жүлделі III орынға көтерілді, – деді Шахтинск қалалық мәдениет, тілдерді дамыту дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Айдос Минлибаев.

Шайбалы хоккей бәсекесінде Шахтинск құрамасы Теміртау мен Қарағанды командаларынан айласын асыра алмай, бұл спорт түрінен де жүлделі III орын иеленіпті.

– Бес команданың ішінде Балқаш пен Саран командасын жеңдік. Алайда, басты қарсыластарымыз – Теміртау мен Қарағанды командасынан бұл жолы да жеңілдік. Қос қарсыласқа жыл сайын есе жіберіп келеміз. Оның басты себебі – оларда айтарлықтай мықты спортшылар бар. Әрі инфрақұрылымы да бізбен салыстырғанда әлдеқайда дамыған.

Биыл жалпыкомандалық есепте үздік үштікке ене алмай, IV орынмен шектелдік. Біз бұл спартакиадаға жыл сайын үзбей қатысып келеміз. Әр жыл сайын қола жүлдемен оралатынбыз. Өкінішке қарай, бұл жолы сәті түспеді. Жалпыкомандалық есепте IV орынға тұрақтадық. Шаңғы жарысына да үміт артқан спортшылардың нәтижесі біз күткендей болмады, – деді Айдос Исмадиярұлы.

Биылғы «Қарлы қыс – 2026» қысқы спартакиадасында Абай ауданының командасы жеңісті қолдан бермеді. Соңғы жылдары қарсыластарына дес бермей келе жатқан ұжым бұл жолы да жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Команда сапы биыл 38 спортшымен жасақталған. Президенттік көпсайыстан абайлық спортшылар командалық сында алтын жүлдені жеңіп алса, араға көп уақыт салмай, шайбалы хоккей командасы да барлық қарсыласын ойсырата жеңіп, қоржынға екінші алтынды салды. Сонымен қатар, шаңғы жарысынан да командалық есепте күміс жүлдеге қол жеткізіп, жалпыкомандалық есепте оқ бойы алға шыққан.

– Қысқы спорт түрлерін дамыту мен оны кеңінен насихаттауда мұндай спартакиадалардың маңызы зор. Әсіресе, кәсіби спорттағы мансабын аяқтаған спортшылар үшін мұндай жарыстардың берері көп. Олар жас спортшыларға үлгі болып, қысқы спортқа баулуда үлкен еңбек сіңіреді.

Біздің командада егде жастағы ойыншылар да бар. Солардың бірі – 65 жасқа таяп қалған ардагер хоккейші Сергей Чалы. Ол кезінде кәсіпқой деңгейде өнер көрсеткен. Қазір хоккейден аудандар арасында өтетін облыстық түнгі лигада «Бүркіт» командасының намысын қорғап жүр, – деді Абай аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің спорт нұсқаушысы Ерасыл Боранбаев.

Жарыс қорытындысы бойынша қалалар арасында өткен «Ақ қыс – 2026» спартакиадасында командалық есепте Қарағанды командасы топ жарды. Одан кейінгі сатыға Теміртау командасы тұрақтаса, үздік үштікке Саран командасы табан тіреді. Ал, аудандар арасындағы «Қарлы қыс – 2026» спартакиадасында жалпыкомандалық есепте Абай ауданының спортшылары қара үзді. Күміс жүлдені Осакаров командасы еншілесе, Нұра ауданының командасы жүлделі III орынға қол жеткізді.

Суретті түсірген
**Александр МАРЧЕНКО**

● ЖӘДІГЕР

# Академиктің жейдесі

**Қазақ ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым – биология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, қоғам қайраткері, республикада ауыл шаруашылығы ғылымдарының негізін қалаушылардың бірі Кәрім Мыңбаевтың жарық әлем есігін ашқанына биыл 120 жыл толады. Әңгімеге арқау болған мерейтой – біртуар ғалымның ел мұраты жолындағы жанқиярлық еңбегін, бай ғылыми мұрасын қайта жаңғыртып, насихаттауға, бүгінгі және келешек ұрпаққа үлгі етуге арналған маңызды дата.**



**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Кәрім Мыңбаев 1906 жылы 15 тамызда бұрынғы Ақмола уезінің Нұра болысында (қазіргі Қарағанды облысы, Нұра ауданында) дүниеге келіп, бүкіл саналы ғұмырын ғылымға арнады. Оның негізгі ғылыми еңбектері өсімдіктер генетикасы мен селекциясына бағытталған. Ғалым биология мен аграрлық салада жан-жақты терең зерттеулер жүргізіп, көксағыздың биологиялық ерекшеліктерін зерттеп, оны сұрыптау әдістерін тапты. Дәнді дақылдар, оның ішінде тәлімді жерлерге себілген бидайдың өнімділігін арттырудың соны тәсілдерін ұсынып, іс жүзінде дәлелдеді. Кәрім Мыңбаев Қазақстанда қант қызылшасы мен кендірді биологиялық-селекциялық жағынан ғылыми тұрғыда сипаттаған алғашқы ғалым болып саналады. Ол 200-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Ғалым 1948 жылы 30 қыркүйекте, бар болғаны 42 жасында, Балқаш маңындағы авиация апатында, Қазақ КСР Ғылым академиясының бір топ ғалымдарымен бірге қайтыс болды.

– Қазіргі таңда ғалымның есімі ел жадында сақталып, соңында қалған еңбектері ғылыми қауымдастықта жоғары бағаланады. Кәрім Мыңбаевтың далалық тәжірибе жұмыстарында киген жейдесі, Алматыда білім алған нұралық студенттер арасында және отбасында түскен бірқатар түпнұсқа фотосуреттері Нұра ауданының тарихи-өлкетану музейінде сақталып, мұнда келушілер қызыға тамашалайтын экспозициялар қатарынан орын алуда. Бағалы жәдігерлерді музей қорына академиктің немере інісі, белгілі журналист Нұрхан Хамзеұлы Мыңбаев табыс етті. Бұл құнды бұйымдар – ғалымның өмірі мен қызметінен сыр шертетін тарихи мұралар, – дейді мекеменің қор сақтаушысы Анаргүл Нақыпова.

Бұларды Кәрім Мыңбаевтың туғанына 120 жыл толуы қарсаңында «Орталық Қазақстанның» оқырмандары назарына ұсыну арқылы бірегей тұлғаны еске алумен қатар қазақ ғылымының тарихына тағзым етіп, жас ұрпақты ғылымға, білімге тарту жолында маңызды қадам жасаймыз.

Сурет **автордан**

● ФУТБОЛ

# Тағы да тең түсті

**Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Түркиядағы екінші оқу-жаттығу жиынының аясында екінші жолдастық кездесуін өткізді. Бұл жолы да жерлестер мәскеулік «Велес» клубымен кездесіп, 0:0 есебімен тең тарқасты.**

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

«Велес» футбол клубы 2016 жылы құрылған. Биыл клубтың құрылғанына 10 жыл толып отыр. Салыстырмалы түрде жас ұжым болғанымен, қысқа уақыт ішінде тәжірибесі қалыптасқан клубтың бірі. Қазіргі таңда клуб өз елінің екінші лигасында өнер көрсетіп, тұрақты нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Төрешінің ысқырығы естілісімен қарағандылықтар допты ойынға қосты. Қарсылас командаға шабуылға шығып, қорғаушыларының осал тұсын іздеумен болды. 12-ші минутта қарсылас қақпасына қауіпті шабуыл жасады. Шабуылшы Марк Богачев сол қапталдан алаңның ортасына пас асырған еді. Алайда, әріптесі Рафит Нұрмұғамет допқа бірінші болып жете алмады. Бұл жолы қарсылас команда қорғаушылары шабуылға нүкте қойып, допты кері қайтарып жіберді.

19-минутта керісінше, қарсыластар қауіп төндірді. «Велес» шабуылшысы Олег Смирнов оң қапталмен бағыт алып, допты алаң ортасында жүрген әріптестеріне пас асырмақ еді. «Шахтерлік» Аруп Саутов қарсыласына қарсы ереже бұзып, доптан айырды. Осы сәтте бас төрешінің ысқырығы естіліп, «Шахтерге» қарсы айып добын белгіледі. Ал, бұл қарсыластар үшін есеп ашатын тамаша мүмкіндік-тін. Стандарттан Кирилл Кистенев допты ойынға қосып, қақпа маңына пас асырды. Бірақ, жерлестер допқа бірінші жетіп, алаңның сыртына шығарып тастады. Артынша мәскеуліктер бұрыштама добын орындап, гол салатын бұл мүмкіндікті де жіберіп алды. Бұдан кейін қос қарсылас шабуылды кезек ұйымдастырып, қақпадан саңылау іздеумен болды. Осылайша жолдастық кездесудің алғашқы айналымы да аяқталды.



Екінші айналымнан «Шахтерден» нәтиже күткен едік. Өткен ойындарға көз жүгіртсек, жерлестер есепті екінші айналымда өзгертіп жататын. Ал, бұл жолғы кездесу біз күткендегідей болмады. Қарсыластар «Шахтерге» қарсы жоғары деңгейде өнер көрсетіп, қорғаныста қателікке бой алдырмады. Сонымен қатар, қарсыластар тарапынан да ұйымдастырылған бірнеше сәтті шабуыл да болды. Алайда, жерлестер сапынан қақпаға шыққан Никита Килджиев есепті құрғақ сақтап қала алды. Осылайша «Шахтер» екінші оқу-жаттығу жиындары аясындағы екінші матчы тең аяқтады.

Енді қарағандылықтар 9 ақпанда Өзбекстанның «Kokand 1912», 12 ақпанда Ресейдің «Leningradets» клубымен кездеседі.

*Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан*

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 013

№14 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Жамал СОВЕТҚЫЗЫ**